

БІЛІМ

МЕКТЕПТІҢ ЖАБЫЛҒАНЫ...

Сауалмәкәлде тұратын Қоныстың көңілі биыл күпті. Жатса-тұрса немерелерін ел қатарлы оқыту жайы есін шығарып тұр. Балалары жарытып білім ала алмады. Әкенің кінәсі жоқ еді. Ауыл ортасында жарға шөккен атандай сонадайдан көз тартып жалғыз мектеп тұруын тұрды. Оқушысынан мұғалімі көп. Көп мұғалім жабылып жүріп, жалғыз-жарым оқушыны оңдап оқыта алмағанына өзі де таң, әлгі мектептен өздері қара танып шыққан балалары да таң. Көзін ашқан көршісі еді.

– Ойбай, Қоныс, өкпелейтін не жөнің бар? Дене тәрбиесінен сиыршы Серік, физикадан бұрын буфетте сатушы болған Айтжамал сабақ беріп жүрген жоқ па? Балаларың қайта қолдарына кетпектей аттестат алып шыққан. Соған тәубе қыл, – деген көршісі.

Кешкі шайын ішіп алған соң ойға батқан. Сөйтсе, көршісінің айтқаны рас екен. Жалғыз Сауалмәкәлде ғана емес тұтас облыстың мектептері мұғалімдерге зәру. 2020–2021 оқу жылдарында жалпы білім беретін білім ошақтарында 834 мұғалім жетіспесе, оның 543-і Сауалмәкәл тәрізді ауыл мектептеріне тиесілі екен. Сиыршы Серіктің дене тәрбиесінен берген сабағына шүкіршілік дерлік. Ауылда не көп, жер көп? Көктем шығып, есік алды қарайған соң ала допты қуғызады, қыс бойы аққала соқтырады. Сабағының сикы осы. Дегенмен жарап



жатыр, басқа жердікімен салыстырсаң, жылап көріскендейсің. Неге дейсіз бе? Айталық, облыстағы 543 ауыл мектебінің 66-ында спорт залы мүлдем жоқ екен. Сонда бар ауылдың балалары сиыршы Серіктің дене тәрбиесі сабағы тәрізді жосығы бөлек, дәстүрі өзгеше білім алып жүрген ғой. Бұлар енді қайдан онсын?

Шай қызуы басылғанша ғаламторды ақтарып, дерек іздеген. Сөйтсе, Тәуелсіздік алғалы облыста 150 мектеп жабылып қалыпты. Қоныстың шақшадай басы шарадай болды. Мына мәлімет миына сияр емес. 150 мектеп жабылды дегенше, 150 ауылдың шаңырағы ортасына түсті деп ақиқатын

бір-ақ жазбай ма? Шоқжұлдыздай шағын ауылға тірек болып, азды-көпті жұмыс орны болып ұстап тұрған ауыл мектептері емес пе?! Сол ауыл мектептерінің 150-і жабылып қалса, ұстаздар қауымы жабылған мектептің үйіндісіне қарап отырған жоқ шығар, тұс-тұсына тарап кетті ғой. Мектебі жоқ ауылда бала тұра ма, олардың ата-анасы тұра ма, олар да көшкен шығар. Сонда ел балаларын оқытатын жер іздеп, мектеп іздеп бет-бетімен босып кеткенде, Арканың жоны босап қалмай ма екен?!

(Жалғасы 3-бетте)

ӘЛЕУМЕТ.т°

Балалық шақтың аракідік естеліктері санаға сағыныш сәулесін түсіретін әдеті бар. Көктемнен бері көңілде күдік пен үрейді үдеткен коронавирус мына бір оқиғаны есіме түсіріп отыр.



ДЕРТ ПЕН ДАҚПЫРТ

Кателеспесем, сегіз жастамын. Малды жайғап, қора артында асыр салып ойнап жүргенде бір досым «ауылда сілеусін пайда болыпты, естідіңдер ме?» дейді. Шыны керек, бұл жыртқыштың атын оған дейін құлағым шалмаған.

«Е, не болыпты?» десем, «адам атаулының қасы, қарны ашса, жолындағысын жайпайды, әсіресе, түнде жортады» демесі бар ма. Содан үйге алансыз кеткен мен, түн қоюланғанда далаға шығып, бойды бір үрей билейді. Құдды мені сол сілеусін аңдып тұрғандай, ту сыртымнан тап беретіндей. Не керек, ұйқы қашты. Келесі күні басқа балаларға айтам. Олар ол сілеусінге өзгелерден естіген «қасиеттерін» қосып одан сайын састырды. Аз уақытта ауылдағы мен қатарлы мұрты тебіндемеген болашақ бозбалалардың «енді қайттық, ойнап жатқанда жетіп келсе не істейміз» деген оймен бастары қатты. Әйтеуір, біздің әңгімені естіген ересектердің біреуі рахаттанна күліп алып, сілеусін туралы ақиқат пен аңыздың аражігін ажыратып, көңілді бір жайландырғаны бар еді.

(Бұл туралы 2-беттен оқыңыз)

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Қазір ел басына күн туған шақ. Ковид адам талғамайтын: жасқа, көрігіне қарамайтын індетке айналды. Бұдан сақтанудың жалғыз жолы – оқшаулану ғана болып тұр. Ал қазақ тағамтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов жылқы өті мен саумалдың өкпе дәрісі ковид пен пандемияға пайдалы екенін айтады.

Жас qazaq: Төрегелді аға, биыл бізге ғана емес, бүкіл дүниеге қиын соғып тұр. Індет соңғы бір айда тез таралып, өлім-жітім де көбейіп кетті. Билік «Карантин уақытында жарияланды. Ем-домға дайынбыз. Дәрі-дәрмек жеткілікті» деп еді. Қазір жұрт сабылып дәрі іздеп жүр. Ауруханада орын жоқ. Бұл қалай?

Т.Шарманов: Ковид-19-дың жұқпалы ауру екені о баста-ақ айтылған. Сақтанбаса, соны осындай болатыны да ескертілген. Халықтың хабары бар бөрінен. Бұл көзге көрінбейтін, бірақ екпіні қатты індет. Бірақ халық ауруды өздері асқындырып алды. Ауруға сенбеді. Мұны саясат деп



Төрегелді ШАРМАНОВ,
медицина ғылымдарының докторы, профессор:

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҒЫ АҚСАП ТҰР

қарады. Күлкі қылды. Тәртіпке бағынбады. Той-томалаққа, көпшілік жиналған ортаға барды. Аралық сақтап жүру деген сияқты талаптың біреуіне де пысықпаған жоқ. Шетелде де тура осындай болды. Олар да сенген жоқ. Сөйтіп, Испания мен Италияда індет тез таралып, бір-ақ күнде ауру жайылып кетті.

Жас qazaq: Аға, бұл жағдайдың бәрі түсінікті. Менің сұрағым дәрі-дәрмек, ауруханадағы орынның аздығы, дәрігерлердің жетіспеуі туралы еді...

Т.Шарманов: Бұл жағдай жұмбақтау болып тұр. Оны жасырмаймын. «Бәрін қамтамасыз етеміз» деген өздерінің сөзіне жауап бере алмайтын жағдайға жетіп қалдық. Дайын емес екенімізді көрсетті. Індет таралған алғашқы айда бетперденің өзі жеткіліксіз болған жоқ па? Қазір дәрі-дәрмек жоқ деп жатыр. Мұның бәрі түсініксіз мен үшін. Бір білерім – ұйымдастыру жұмысы ақсап тұрғандай. Мысалы, бетпердені немесе дәріні керекті жеріне, дәріханаларға уақытында жеткізіп беру – тасымалдаушы мекемелердің жұмысы.

Ал дәрігерлер туралы әңгіме бөлек. Ауру қай жерден көп шыкса, дәрігерлерді сол жаққа жіберу керек еді. Олай істеген жоқпыз. Сөйтіп, індет ошағы ұлғайып кетті. Біздің елде дәрігер жеткілікті, бұл арада соларды ұйымдастыру мәселесі ақсап тұрғандай көрінеді маған. Министрдің өзі: «Дәрігерлерді ұйымдастыру, бөлу мәселесімен жергілікті әкімдік айналысады» деген болатын. Ақ халатты абзал жандардың жетіспей жатқаны – жергілікті жердегі мекемелердің дұрыс ұйымдастырылмағанынан деп білемін өз басым.

Жас qazaq: Ауырған жұрт өзін-өзі емдеуде. Нақты қандай дәрі-дәрмек пайдалану керектігін тұрғындар білмейді. Жұрт денсаулық министрлігіне қарайды. Ал министрлік Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымына (ДДҰ) қарайды. Мұндай жағдайда қарапайым халық не істеу керек?

Т.Шарманов: Сіз айтып отырғандай «Анау анаған қарайды, ол басқаға қарайды» деген сөз жауапкершілікті біреуге арту сияқты көрінеді маған. Бұл арада бақылау кемшін. ДДҰ-ның тәртібі қалай, біздің дәрігерлер сол тәртіп бойынша жұмыс істейді. Бірақ бұл біздің министрлік ДДҰ-ға бағынады деген сөз емес. Қазір біздің дәрігерлер ковидке қарсы өздері түрлі емдеу шараларын қолданып жатыр.

(Жалғасы 3-бетте)

COVID-19

Жұқтырғандар

42 574


Айыққандар

14 059

Көз
жұмғандар

188

02.07.2020



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
42,46


DOLLAR
405,66

EURO
454,70

РУБЛЬ
5,71

ФЕЙК

ЖАЛҒАН АҚПАРАТ ЖАРҒА ЖЫҒАДЫ



(Бұл туралы 2-беттен оқыңыз)

БИЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, кеше Мемлекеттік комиссияның отырысы өтті. Қазақстан Премьер-Министрі Асқар Мәминнің төрағалығымен өткен отырыста еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шаралары қаралды. Елдегі санитарлық-эпидемиологиялық жағдай және коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында енгізілетін шектеулер бойынша ұсынылатын шаралар туралы денсаулық сақтау министрі Алексей Цой баяндады. Қазақстанда эпидемиологиялық ахуалдың өршуін және коронавирус инфекциясымен сырқаттану дерегінің өсуін ескере отырып, Мемлекеттік комиссия биылғы 5 шілдеден бастап 14 күнге бірқатар шектеу шараларын енгізу туралы шешім қабылдады.

КӨЛІК ҚАТЫНАСЫ

Көлік қатынасы саласында елдер тізімін көбейтпей, халықаралық әуе қатынасын сақтау; өңірлер арасындағы әуе қатынасын, теміржол қатынасын сақтау (*шектеулермен*); өңірлер арасындағы жолаушылар автобусы қатынасын уақытша тоқтату; қоғамдық көліктің жұмысын уақыт бойынша шектеу қажет деп шешілді.

АЗАМАТТАРДЫҢ ЖҮРІП-ТҰРУЫ

Мемкомиссия отырысында ел азаматтарының жүріп-тұруы бойынша төмендегідей шешімдер қабылданды: ойын-сауық, спорт және басқа да бұқаралық іс-шараларды, сондай-ақ отбасылық, еске алу шараларын өткізуге тыйым салынады. Ал ашық ауада жаттығу жасауға рұқсат етіледі. Көшелерде, саябақтарда, скверлерде серуендегенде 3 адамнан көп болмауы керек. Бұған қоса, 65 жастан асқан азаматтардың сыртқа шығуы шектеледі.

НЫСАНДАРДЫҢ ҚЫЗМЕТІНЕ ТЫЙЫМ САЛУ

Қалыптасқан ахуалды ескере отырып, мына нысандардың қызметіне тыйым салу керек деп шешілді: сұлулық

салондары, шаштараз, спорт залдары, фитнес орталықтар, бассейндер, азық-түлік және азық-түлік емес жабық базарлар, жағажайлар, аквапарктер, мәдениет нысандары, музейлер, көрмелер, форумдар, конференциялар және өзге де ұйымдастырылған бұқаралық іс-шаралар, ойын-сауық орталықтары, мектепке дейінгі балалар мекемелері (*кезекіші топтардан басқа*), діни нысандар және т. б. (*сауда ойын-сауық орталықтары, ойын-сауық нысандары (қараоке, бильярд, компьютер клубтары, боулинг орталықтары), кинотеатрлар, балаларды сауықтыру лагерлері, фудкорттар, банкет залдары*).

ашық ауадағы құрылыс жұмыстары; ауыл шаруашылығы, балық шаруашылығы және мал шаруашылығы жұмыстары; халыққа қызмет көрсету салалары, оның ішінде автокөлік жуу, автомобильдерді және тұрмыстық техниканы жөндеу, ХККО-лар, екінші деңгейлі банктер (*уақыт бойынша шектеу енгізумен*).

Үкімет басшысы еліміздегі эпидемиологиялық ахуалдың алдағы уақытта қалай өзгеретініне байланысты аталған шектеу шаралары 2 аптаға ұзартылуы немесе қатандатылуы мүмкін екенін атап өтті. Жаңа шектеу шараларын талқылауға орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы

ХАЛЫҚТЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ ҮШІН



ҚАШЫҚТАН ЖҰМЫС ІСТЕУ

Еліміздегі эпидемиологиялық ахуалды тұрақтандыру шараларын енгізу барысында қызметкерлердің жұмыс істеу режиміне қатысты да маңызды шешімдер қабылданды. Атап айтқанда, мемлекеттік органдар (*ұйымдардың*), кеңселер, ұлттық компаниялар және өзге де ұйымдар қызметкерлерінің кемінде 80 пайызының қашықтан жұмыс істеу режимін сақтауы тиіс. Сонымен қатар, алдын ала жазылу бойынша медицина орталықтарының қызметін сақтау, дәріханалардың, азық-түлік дүкендерінің, ашық базарлардың қызметін сақтау; Күшейтілген санитарлық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, келесі нысандардың қызметі жүргізіле береді: ашық ауада қоғамдық тамақтану нысандары; үздіксіз өндірістік айналымы бар құрылыс, өнеркәсіп кәсіпорындары;

органдардың басшылары, Парламент Мәжілісінің депутаттары, «Атамекен» ҰҚП төрағасы Абылай Мырзахметов және тағы басқалар қатысты.

Сондай-ақ кеше қатаң шаралар кезінде қалалар мен өңірлер арасында блок-бекеттер қойылмайтыны мәлім болды. Бұл туралы Нұр-Сұлтан қаласындағы Орталық коммуникациялар қызметінде онлайн өткен баспасөз мәслихатында Үкімет басшысының орынбасары Ералы Тоғжанов хабарлады. Ол Елордаға кіруге немесе қаладан шығуға шектеулер енгізу мүмкіндігі туралы қойылған сұраққа: «Қозғалысқа ешқандай анықтамалар керек емес. Екіншіден, қалалар мен өңірлер арасында блок бекеттер орнатылмайды», — деді. Е.Тоғжанов өңірлер арасындағы жолаушылар автобусы қатынасы уақытша тоқтайтынын еске салды.

Талап ТІЛЕГЕН

Аптаның айтары



Алексей ЦОЙ,
денсаулық сақтау министрі:

«Дәрі-дәрмекті шекті бағасынан қымбатқа сатқаны үшін жауапкершілік қарастырылғанын ескерткім келеді. Нақтырақ айтқанда, оларға айыппұл салынады. Ал егер бұл заң бұзушылық қайтадан тіркелсе, дәріхананың лицензиясын тоқтатуға дейінгі шараны қабылдаймыз. Сонымен бірге дәрі-дәрмекті рецептсіз сатқаны үшін де жауапкершілік барын ескертеміз. Интернет арқылы рецептсіз сату жағдайлары тіркелді. Бұл заңмен қадағаланады»

Алтай ҚАЛЫМБЕТОВ, *кәсіпкер:*

«Коронавирус ПЦР-диагностикасының тапшылығы қолдан жасалды. «Оба кезінде бизнес жасаған» барлық шенеуніктер қаза болған әрбір өмір үшін жауап беретін көз де келер. Мен өзім үндемей қалмаймын»



Людмила БЮРАБЕКОВА,
Денсаулық сақтау вице-министрі:

«Заңға сәйкес, біз отандық өндірушілермен екі жағдайда келісімге келеміз. Біріншісі – ұзақ мерзімге арналған келісімшарт. Екіншісі – конкурстық негізде. Қазір сатып алудың конкурстық процесі жүрде. Нәтижесі шілде айының ортасында жарияланады. Біздің кәсіпкерлерге осы конкурсқа қатысуына болады»

Әлеумет.t⁰

ДЕРТ ПЕН ДАҚПЫРТ

(*Басы 1-бетте*)

Вирусқа қатысты шығып жатқан түрлі қауесет те осы сілеусін туралы дақпыртқа ұқсайды. «Коронавирусты Билл Гейтс шығарыпты, кейін адамдарға чип орнатып басқарады» деген әңгіме бар әлемді бір дүрліктіргенін білеміз. Тіпті ютубта шыққан түрлі роликтерді көрген көпшілік оған сеніп те қалғандай. Сенгені өз алдына, өзгелерге ол «құнды» ақпаратын жеткізуді жөн көріп, берісі ватсаптағы чаттарға, ал келіп аямай таратады. Одан қалды, есік алдында бас қоса қалса, әдетте билікті жамандайтындар, енді ковидтің сарапшысына айналған. Тақырыпты «шемішкеше шағады». Осыдан келіп домино әсерімен ол қауесет біреулер үшін ақиқатқа айналады. Онсыз да дегбірі қашып, қайтерін білмей отырған дүйім ел не істерін білмей сары уайымға салынады.

Адренохромға қатысты әңгіме де көбін ойландырды. Естімегендер үшін ақпарат бере кетейін, адренохромды интернетте баланы қатты қорқыту арқылы ұйыған қанын алып, оны байларға қымбатқа сататын көлеңкелі бизнес ретінде сипаттайды. Жылда жаһанда миллиондаған бүлдіршіндердің із-түссіз жоғалуын сонымен байланыстырады. Ютубты ақтарып көрсеніз, талай аксүйектің осыған тәуелді екені, сол адренохромды ішу арқылы жас көрінетіні туралы жарыса жазылып, небір дерек пен дәйек келтіріліп жатады. Айтпағым, білгіштер осы кез келгеннің қолы жетпес есірткіні қолданатындарды анықтап, кейін тырп еткізбей уыстарында ұстау үшін адренохромның бір партиясына вирус енгізіп шығарыпты-мыс.

Одан бөлек, коронавирусқа тест тапсыратын Қытайдан келген таяқшада вирус бар, сілекейді алған кезде жұғалы деп бөскендері табылды. Сорақысы сол, оған сенгендер сол бөскендерден көп болып шықты. Вирусты қолдан шығарып тарату әлемдік саясат, қасакана ұйымдастырылған әрекет дегенді де естілік. Бір сәт ойланыңызшы, қазір күллі мемлекеттің экономикасы көрінбейтін кеселмен қалай күресерін білмей күйреп жатыр. Ауруханаларда орын жоқ. Дәрі-дәрмек жетіспейді. Экономиканың негізгі құретамыры бизнес тұралады. Туризм тұншықты. Қай елдің болмасын, қоры сарқылуда. Соңғы он жылдықтарда болмаған дағдарыс бәрін есенгіретіп жатса, оны қалай келісіп, қолдан істелген қастандық деп айтуға ауызымыз барады?

Қай әңгіменің болмасын, байыбына терең үңіле алсақ, мұндай дақпырт дүрмегінің жетегінде жүрмес едік. «Атың шықпаса жер өрте» дегенді желеу еткендер хайп жолында жұрт жағасын ұстатар жалған ақпаратты таратып жатқанда Тазша баланын қырық өтірігі айналайын ба деп қаласын. Оның кесірі жоқ еді ғой, әйтеуір.

Қазір сын сағатында тұрмыз. Одан сыр бермей өту онай емес. Коронавирус әлі айылын жияр емес. Күн санап қауға тиген өрттей өршіп барады. О баста үкімет қабылдаған қатаң шараларға немқурайды қарағандар көп болды. Әлеуметтік қашықтық сақтамай, санитарлық талаптарды орындамаудың соны осылайша опық жегізді. Әр азамат ең болмаса жакынына жаны ашып, тәртіпке бағынса, жауапкершілікпен қараса, індет те түбі кетеді. Тек оған тәзім керек. Құр далбаса әңгімені талқылағанша, оған сеніп, өзгелерді сол жалған ақпаратпен улағанша, сактанып жүрудің жайын ойлап қамданайық. Сактансаң ғана сактайды!

Асқарбек
ҚАЗАНҒАП



ӨТІРІКТІҢ ҚҰЙРЫҒЫ

Фейк

Жалған ақпарат жайып, жұрт арасында үрей туғызуға тырысқандардың тағы біреуі өшкереленді. Түркістан облысындағы Сарыағаш ауданының тұрғыны әлеуметтік желі арқылы «түнгі сағат 2 мен 3 аралығында балаларға жұғатын вирус тарайды» деген хабар таратады.

Облыстық полиция департаментінің баспасөз қызметі хабарлағандай, жүргізілген тексеру нәтижесінде өтірік ақпаратты таратушы анықталды. Ол осы ауданның орталығында тұратын азаматша болып шықты. Бұл оқиғаны тәртіп сақшылары Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің «қасакана жалған ақпарат тарату» бабы (274-бап) бойынша тіркеді. Бұлтартпас деректер алдында әлгі әйел өзінің кінәсін толық мойындады. «Сасқан үйрек артымен сүнгилі» дегендей, ол өзінің келінін ескертпекші болғанын айтып ақталуға тырысыпты.

Ендігі жерде жұрттың тыныштығын бұзған бұл әйелге қандай шара қолданылатыны сотқа байланысты.

Өз ойым

(Басы 1-бетте)

Еңсесі түскен елдің білімін бекемдейді деген бір жақсылық бар екен. Ол облыстағы 21 тірек мектептері. Тірек мектептерінің жанынан үкілі үміттің шырағын жағатын ресурстық орталықтар құрылыпты. Бұл орталықтардың материалдық-техникалық базасын жаңа заман талабына сай жарактандыруға 178 миллион теңге бөлінген екен. Міне, осы орталықтарда жылына үш

аудан орталығынан алыста жатқан, әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы сын көтермейтін елді мекендегі әупірімдеп әзер тұрған болар-болмас мектептің сағаты да толар-толмас. Өзі жас болса, талабы зор болса, жарытымсыз жалақыға қарап отыратын таза ақымақ емес қой. «Бұл орайда, ауылға ауыл баласын ғана жолдамамен жіберу керек», — дейді кешегі кеңес заманында Шағалалы совхоз-техникумын төрт жыл іштей, алты жыл сырттай оқып, әзер бітірген Қоныстың өзі, — әйтпесе, қала баласы ауылға бала болмайды. Шағын ауылдардың

МЕКТЕПТІҢ ЖАБЫЛҒАНЫ...



мәрте сессия ұйымдастырылады. Аталмыш шара барысында толық емес мектептерде білім алатын оқушылар белгілі бір пәннің нақты мамандарынан толымды дәріс алып, білімдерін нығайта түспек. Түсінік болуы үшін сәл ғана таратып айта кетелік, жанағы сиыршы Серік пен буфетші Айтжамал тәрізді мұғалімдер беріп жүрген пәнді енді нақ маманы пысықтамақ. Оның өзінде де оқу жылының ішінде үш-ақ рет. Дәл қазір кадр жетіспеушілігі облыстың Біржан сал, Атбасар, Бұланды аудандарында орын алған. Жалпы, ауыл мектептерінде бастауыш сынып мұғалімдері, ағылшын тілі, математика, физика, орыс тілі мен әдебиеті, тарих пен химия пәндерінің мұғалімдері жасыратыны жоқ, жокқа тән. Осындай мұғалімдердің 900-ге таяуы керек. Сол 900 мұғалімнің орнына сиыршы мен буфетші сабақ беріп жүр.

«Дипломмен — ауылға!» дейтұғын жап-жақсы жоба бар. Қыруар қаржы бөлінген. Бірақ одан да қайыр болмай тұр. Әр жыл сайын облыс мектептеріне 900-ден астам маман бағытталады. Орналасып қалғандары да бар. Соңғы үш жыл ішінде 1398 жас маман жұмысқа орналасыпты. Бағдарлама бойынша 797 маманға 133,2 миллион теңге мөлшерінде көтермеақы төленген. Осы бір деректерді көңіл таразысына салсаңыз, ауыл мектептерінің кемдік көретін тұсы жоқ тәрізді. Ал шынтуайтында, қалалы жерде білім алған, қызылды-жасылды думанға бауыр басып қалған жас толқын шалғайдағы шағын ауылда екі аяғынан бір жіппен байлап қойсаң да тұрақтайтын емес. Басты себебі облыс,

дені, бөлкім, түгелге жуығы жергілікті ұлттың мекені. Мектептің тамырын үзіп жатқанымыз, Алаштың тамырын үзгенмен бірдей. Қазір айналамыздағы ауылдардың мектептері біртіндеп жабылғалы тұр. Үкіметке өкпелейтін де ештеңе жоқ. Мәселен, кішкентай ауылдағы 10-15 балаға бола даңғарадай мектепті ұстап тұру да оңай емес қой. Саусағыңызды бүгіп санап көріңіз, біріншіден, ауыл мектептерінің бәрі көмірмен жылытылады. Қысы жеті айға созылатын бұл өңірде үзбей пеш жағу үшін әр мектепке кем дегенде 3-4 пеш жағушы ұстауыңыз керек, 30-40 тонна көмір, екі-үш көлік отын қажет. Сонда қазіргі тілмен айтқанда, балаға білім берудің өзі өзін-өзі ақтамайтын, шығынды дүние болып шығады ғой.

Қоныстың бір ғажабы кез келген шаруадан пайда көргісі келеді. Баланың білімін де солай есептейді. Ендігі бір жол төрт-бес қазақ ауылдарының ортасынан интернат салу. Бірақ оның да өзіндік қиындығы бар. Бірінші сыныптың оқушысын қай ата-ана интернатқа жатқызсын.

Ауыл мектебін аман сақтау үшін алдымен ауылдың өзін тауқыметтен арашалап алу керек. 150 мектептің барлығы бала санының аздығынан жабылған. Баланың аз болатыны ауылдан жастар көшіп, шал-шауқан ғана қалған. Шалдың шаруасы белгілі ғой, бала қайдан көбейсін?..

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Құрық

Алаяқтарға, әсіресе, біреуді алдап, тақырға отырғызып кететін қыз-келіншектерге тыйым болмай тұр. Ал қарапайым жұрт қаржы пирамидасына алданудан аяқ тартар емес. Тіпті жеңіл жолмен ақша табуға құныққаны соншалық, мұндай оқиға күн сайын тіркелуде. Мәселен, Түркістан облысының полицейлері тұрғындарды алдап, қаржы пирамидасына ақша салдырған алаяқты қолға түсірді.

ӘЙЕЛ

«ПИРАМИДАСЫ»

Сарыағаш аудандық полиция бөліміне 11 адам алаяқтық бойынша арыз түсірген. Олардың айтуынша, өткен жылдың наурыз-мамыр айларында бір әйел «бонустық жобаға тіркеп беремін, қосымша табыс табасыздар» деп сендіріпті. Сөйтіп, қаржы пирамидаларының біріне ақша салдырып, соңында жоқ болып кеткен. Бір жыл бойы сандалған тұрғындар ақыр аяғы полицияға жүгінеді. Полиция қызметкерлері жедел-ізвестірудің нәтижесінде күдіктіні ұстады. Ол бұрын сотты болған жергілікті тұрғын болып шығыпты. Жәбірленушілерге келген шығын көлемі — 3,5 миллион теңгеге жуық.



ФОТОАЙҒАК

ҮЙ ІШІНДЕ – ЗАҢСЫЗ ЕМХАНА



Фото: dlnatyr.kz

АЛМАТЫ.
ЗЕРДЕЛІ
ЫҚШАМАУДАНЫ

QOĞAM



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

Сәті түскен сұхбат

(Басы 1-бетте)

Сіз айтқандай, министрлік бекіткен мына дәрі, ана уколды салу керек деген сияқты нақты бекітілген тізім жоқ. Бірақ бұл аурудың белгілерін дәрігерлер күн сайын айтып жатыр. Жөтел, дененің қызуы, бас ауру, әлсіздік, дененің ауруы, тыныс алудың қиындауы сияқты нақты белгілерін айтуда. Қарапайым халық ауруды жұқтырған-жұқтырмағанын өз бетімен біле алмайды. Ол үшін зертханаға барып тест тапсыру керек. Алайда халық бостан-босқа үрейленіп, сау басына сакина тілеп, ауырмай тұрса да тест тапсырудың қажеті жоқ. Ол, біріншіден, шығын, екіншіден, күдік аламды ауруға жетелейді. Сондықтан мұндай жағдайда адамдар сабырлы болу керек. Қорқынышқа бой алдырмаған дұрыс. Дәріханаларда дәрінің жетіспей жатқанын біз де естіп жатырмыз. Бұл да ұйымдастыру жұмыстарының салғырттығы. **Jas qazaq:** Өткен аптада жазушы Дулат Исабеков әлемдегі екінші бай адам Билл Гейтстің былығы туралы айтып: «COVID-19 вакцинасын адамдарға

Төрегелді ШАРМАНОВ,
МЕДИЦИНА ҒЫЛЫМДАРЫНЫҢ
ДОКТОРЫ, ПРОФЕССОР:

ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖАҒЫ АҚСАП ТҰР

микрочип енгізу арқылы құлға айналдыруды көздеп отыр» деген сипатта пікірін білдірді. Мұны жұрт сан-саққа жүгіртіп жатыр. Өмір бойы денсаулық сақтау саласында қызмет еткен маман ретінде айтыптың, бұл пікірдің қаншалықты жаны бар?

Т.Шарманов: Бұл мүмкін емес нәрсе. Мен оған сенбеймін. Бұл туралы шетелдің газеттері жазып жатыр әлді. Бірақ қазір кім, не жазбайды? Егер әлді Билл Гейтс деген адамның қылмысы дәлелденсе, онда оны ату жазасына кесу керек. Қазір не болса соны демократия деп, айтқыш болып кеттік. Өз басым оған сенбеймін.

Jas qazaq: Өзіңіз де министр болдыңыз. «Қазіргі дәрігерлер адам өмірін арашалаудан гөрі ақшаға әуестеніп алды» дейтін әңгіме жайылып барады. Мұны сұрап жатқанымыз, ковид инфекциясын анықтайтын тест — ақылы. «Жұрт індетті жұқтырып алған жоқпын ба?» деген қорқынышпен жаппай тест тапсыруда. Оның өзі екі-ақ күнге жарамды. Бағасы да арзан емес. Сонда бұл қалай: ақша жасау ма, жұртты дүрліктіру ме?

Т.Шарманов: Мен денсаулық саласын 1971 жылдан 1982 жылға дейін басқардым. Дәл қазір дәрігерлерге де оңай емес. Оларға әртүрлі сыни әңгіме айтылып жатыр. Ал сіз айтқандай, ақша жасауға ешқандай дәрігердің қатысы жоқ. Министрлік ақысыз жаса деп айта алмайды. Ол үшін мемлекет тарапынан ерекше жәрдем болуы керек. Халыққа түсіндіру керек. Мысалы, мен бір орталықтың басшысымын. Қарамағымдағы адамдарға жалақы беруім керек. Дәрігерлердің де бала-шағасы бар. Олар да демалу керек. Олар да тамақ ішу керек. Қалай ақысыз жұмыс істейді? Меніңше, тесттің ақылы болғаны дұрыс. Бірақ жаппай тест жасату қажет емес.

Jas qazaq: Ковид пен пневмонияны айырудан қалдық. Дәрігерлердің айтуынша, екеуінің белгісі ұқсас сияқты. Дегенмен, өз-өзін емдеп жатқан жұртқа нақты қандай кеңес айтасыз? Қандай дәрі ішіп, індеттен қалай сақтанған дұрыс?

Т.Шарманов: Халыққа бәрі ескертілген. Дәрігер ауырған адамды ковид пе, басқа ма, сол жағын анықтап, дәрі-дәрмегін береді. Дәрігердің міндеті — аурудың диагнозын қою. Анықтағаннан кейін қалай емделу жолын айтып береді. Ковидтен қатты қорқудың қажеті жоқ. Бұл әдеттегі өкпе ауруының бір түрі. Сондықтан міндетті түрде ауызды жабу керек. Маска тағуды әдетке айналдырған дұрыс. Содан кейін адамдармен қашықтықты ұстап араласу

қажет. Қазақ халқында атам заманнан бері қол беріп, құшақтасып амандасу деген салт болған жоқ. Жастар үлкен кісілерге амандасқанда қолын кеудесіне апарып,





Шағын бизнес

Ақмола облысында «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың «Еңбек» мемлекеттік бағдарламасы арқылы жобаларды жүзеге асыруға алты жүзден астам грантты игеру жоспарлануда.

1350 адам кәсіпкерлік негіздерін меңгерсе, 600 ақмолалық онлайн режимінде оқып шықты. «Бастау Бизнес» жобасының бизнес-жаттықтырушылары аудандарда арнайы маркетингтік зерттеу жүргізді. Бұл талдау нарықта онша игеріле қоймаған кәсіп түрлерін анықтауға мүмкіндік берді. Ірі кәсіпорындармен байланысу арқылы курс тындаушылары мен кәсіпкерлер арасындағы әріптестік қатынас орнатылды.



Ақмола облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ерқанат Мұсылманбек: «Биыл қабылданған карантиндік шараларға байланысты, Atameken Academy және Openstud онлайн платформасы арқылы қашықтан оқыту қарастырылған. Оқыту мерзімі 21 күн төңірегінде», — дейді.

Кәсіпкер Шынар Мұқышева жеке бизнесін дамыту үшін жеңілдетілген несие алғандардың бірі. Курста үйренген кәсіпкерлік дағдыларын қолдана отырып, сүйікті ісін табыс көзіне айналдырды.

Ш.Мұқышева: «250 мың теңге көлеміндегі грантка тігін машиналарын сатып алдым. Карантин кезінде де кәсібімді тоқтатпадым. Тек үй жағдайында жұмыс істедім. Маска тіктім», — деді.

Аталған жоба ауылды жерлерде ғана емес, қала тұрғындарының арасында да кеңінен танымал екендігін атап өту керек. Бүгінгі күні Ақмола облысы кәсіпкерлер палатасына бизнес дағдыларын меңгеруге ниет етушілерден 2 мыңнан астам өтінім келіп түскен.

ҚИЯР ЕГУ ДЕ КӨП-КӨРІМ КӘСІП

Ауылдағы Есенбай құрдас аптасына алты рет қонырау шалады. Сондағы жұмысы үйінде қарап отырған, кеудесі есіктей, балтыры бесіктей үш баласына

нәпақа айыратын жұмыс тауып беруі керек екен. Құтты мен бір облыстағы жұртшылықты жұмыспен қамтитын басқарманың бастығы болармын ба? Дегенмен, құрдастың қолқасын қолынан келіп жатса, өтеген дұрыс. Әрі ойланып, бері ойланып, не белгілі бір мамандығы жоқ, не бір кәсіпті игермеген бозымбайларды боздатып жетекке жететін жер таба алмадым.

Санаға салып салмақтасаңыз, осы Есенбай құрдастың өзінікі теріс пе дерсіз. Іздейтін ештеңе жоқ екен. Ауылда жұмыс ит ырғын. Тек көретін көз, сезетін түйсік керек. Дәлел дейсіз бе, оп-онай.

КӘСІПТІ БАСТАЙМЫН ДЕГЕНГЕ

Түнеукүні жолсапарға шыққанда Есіл ауданынан көріп келдім. Аудандағы Знаменка ауылында аумағы он екі қанат ақ орданың көлеміндей жерге қапталып жылыжайларды салып тастапты. Осы ауылда Есенбайдың балалары тәрізді екі қолдарына бір күрек таба алмай отырған Рүстем мен Дамир Балдановтар да жалына жармасар жұмыс іздеп жандары қиналған ғой. Күні-түні ғаламторды шарлаған, бизнес әлемінен бастауыш сауаттарын ашқан. Сөйтсе, қиналатын түк жоқ екен, Есілдің бойын ен жайлаған елде не қат, не өтімді? Көкөніс. Етке зәру емес, сүтке зәру емес, ал көкөніс қасқалдақтың қанындай таптырмайды.

Банктен несие алып, тәуекел етіп тас жұтуға дайындалған екі жігіт «Органико» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін ұйымдастырған. Жыл бойы үздіксіз өнім беретін үш жылыжай салып алған. Қиярдың тұқымы ақпанның 20-сы күні отырғызылыпты. Наурыздың жуан ортасында алғашқы өнімдерін бере бастаған.

Рүстем Балданов айтады: «Қылтып қияр шыққанда қуаңғанымыз-ай, әуел баста еңбегіміз еш болады ма деп қорқып едік. Бұл өңірде жер деген жетіп жатыр, тынайтыңшы іздеп те тыңға соқпақ салудың қажеті жоқ. Көз келген үйдің жанында несеме жылғы мал қиы, яки көң, жана тілмен айтқанда, органикалық

тынайтыңшы тау-тау болып үйіліп жатыр. Тіркемеңе толтырып алып кетсең, үй иесі маңайын тазалап бергенің үшін ақысын да төлейді. Ал су деген, міне, жатыр, жарықтық мөлт-мөлт етіп. Енді не жетпейді, жетпейтіні таппыңыз», — дейді. Кәсіпкерлер үш жылыжайдан тәулігіне 1800 келі қияр жинайды екен. Ал тіске басар қияр өспейтін өңірдегі баға шіркін күйіп тұр. Бір қызығы, елдегі Есенбайдың балалары қарап жатқан соң бәсекелестік те жоқ. Енді бұлардың аты өткелден өтпегенде кімнің аты өтсін.

Бүгінгі таңда жылыжайда он адам жұмыс істейді. Күні кеше өздері жұмыс таба алмай жүрген екі жігіт енді жұртты жалдап отыр. Онысы да, әрине, теріс емес. Бірдің шарапаты оңға тиіп, ойға алған шаруасы оңынан оңғарылып тұр. Жылдың алғашқы үш айында 45 тонна өнім жинапты. Міне, байлық. Аудан жұртшылығын мелтектетіп тойдырған соң Қостанай асыруда. Жыл соңына дейін әлі де 90 тонна қияр жинаймыз деп құлшынып отыр.

БИЗНЕС БЕРЕКЕСІ БІЛІКТІЛІКТЕ

Ырыс үйірілу үшін астық еккен жетімсіз екен. Оны өңдеп, тұтынудыңың дастарханына жеткізе білсең, табыстың тайказаны да қайнамақ. Қазіргі таңда жергілікті өнім өндіруге ерекше маңыз беріліп отыр. Нұр-Сұлтан қаласының іргесіндегі Аршалы

ауданына қарасты Анар стансасында «Аян» диірмен-макарон комбинаты пайдалануға берілгені анау айтқандай көп уақыт өте қойған жоқ. Бірақ сол аз ғана уақыттың ішінде өздері өндіретін өнімнің сапасымен тұтынудың көңілін жаулап отырған жайы бар. Себебі өнімдері бүгінгі күннің сұранысына толық жауап беретіндей сапалы.

Жоба құны 3 миллиард теңгеден астам. Оның 1 миллиарды кәсіпкерлердің өз қаражаты болса, 2 миллиард теңгені несиеге алған. Қазір мұнда тәулігіне 150 тонна ұн үгуге қуаттары капитал жетеді. Үгілген ұннан 11 түрлі, жалпы көлемі 20 тоннадан астам макарон өнімдері дайындалады. Тұтынуды іздеп табанынан сарылатын да жай жоқ. Тұрғыны күн сайын өсіп келе жатқан Нұр-Сұлтан қаласы іргелерінде.

Комбинатта қазір 60 адам тұрақты жұмыспен қамтылып отыр. Анар тәрізді ат төбеліндей станса жұртшылығы үшін осының өзі айта қаларлық көмек. Әрі әр жұмысшының жалақысы орташа есеппен айына 90 мың теңгеден айналады. Жер-жерде дәл осындай өздері өндірген өнімді ұқсатып, өңдей білсе, ауыл шаруашылығының да ажары кіріп қалатындығы сөзсіз.

Байкен ҚОБЕЕВ,

Ақмола облысы

«Қара алтын»

Маңғыстау өңіріндегі Шығыс Бектұрлы барлау блогында геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу барысында бұрқақты мұнай ағыны пайда болды. Бұл туралы Jas qazaq газетіне «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясының баспасөз қызметі хабарлады.

МҰНАЙ БҰРҚАҒЫ АТҚЫЛАДЫ

12 мм штуцерде тәулігіне 100 м³ дейінгі дебитпен бұрқақты мұнай ағыны (мұнайдың үлес салмағы — 0,82-0,85 г/см³) тарихи деректерді кешенді геологиялық-геофизикалық зерттеу, бассейндік үлгілеу, жоғары технологиялық сейсмосбарлау жұмыстарының және Шығыс Бектұрлы-1 іздегі барлау ұңғымасының онтайлы орналасуы нәтижесінде орта юра дәуірі қабатынан алынды. Бұдан бөлек, мұнай (үлес салмағы — 0,82 г/см³) алдыңғы сынақ нысандарынан орта және төменгі юра қабаттарының сынақтарынан іріктеу жолымен алынған болатын, сондай-ақ триас шөгінділерінен де көмірсутектің белгілері анықталды.

Қазіргі уақытта мұнай-газ кәсіпкерінің ерекшеліктері туралы қосымша ақпарат



ҰҚ АҚ (50%) және «Көкел Мұнай» ЖШС (50%) бірлесіп бақылайтын ұйым. Ұлттық компания жана кен орындарды игеруде серіктестермен өзара ынтымақтастық барысында кәрірі-қаржыландыру талаптарын ұстанатынын атап өткен жөн.

Геологиялық барлау жұмыстарын жүргізу шығындары серіктес ұйымға жүктеледі. Геологиялық барлау жұмыстары он нәтиже берген жағдайда, серіктес ұйым жұмсалған шығынның орнын мұнай өндіру есебінен толтырады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

Салық

БАҚ САЛЫҚТАН БОСАТЫЛАДЫ



Ақпарат және қоғамдық даму министрі Аида Балаева пандемия кезінде бұқаралық ақпарат құралдарын салықтан босату жөнінде айтты. Ол: «Экономикалық

қиындық кезеңінде БАҚ-ты қолдау шараларына ерекше тоқталғым келеді. Бүгінде коронавирус пандемиясы салдарынан бұқаралық ақпарат құралдары елеулі экономикалық қиындықтарға тап болуда» — деп атап өтті.

Биыл жарнамалық кіріс орташа есеппен 30-60 пайызға дейін азаюы мүмкін. Сондықтан БАҚ-ты 1 сәуірден 1 қазанға дейінгі кезеңде еңбекке төлем жасау қорынан, салық төлеуден және міндетті аударымдардан босату көзделген. Осы орайда Аида Балаева: «Парламент тиісті заң жобасын қабылдады. Оның аясында 2020 жылдың 1 шілдесі мен 31 желтоқсан аралығында коммерциялық теле-радиоарналарды аналогтық және эфирлік цифрлық хабар тарату қызметтері үшін ақы төлеуден босату қарастырылды», — деді.

Әйгерім ТЕМІРФАЛІЕВА

Кеден ісі

Ежелгі Жібек жолының бүгінгі күндегі жаңғыруы іспетті «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы — әлемдегі трансшекаралық ынтымақтастық жолағ қойылған жалғыз жоба. Оның рөлі тек қазақстандықтар үшін ғана емес, бүкіл Еуропа елдеріне дейінгі сауда-саттықтың нығаюына зор септігін тигізуде. Бүгінде сауда орталығындағы жұмыс қызып тұр. Десе де, биылғы індет жағдайы осы орталықтың жұмысына бірқатар қиындық ала көлгені анық. Осыған орай, «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының директоры Дінмұхамет Әбсаттаровқа көкейімізде жүрген сауалдарды қойдық.

Jas qazaq: Әңгімені бастамас бұрын, 2005 жылы құрылған «Қорғас» орталығының түпкілікті мақсатына тоқтала кетсеңіз.

Д.Әбсаттаров: Мемлекетаралық жобаның мақсаты — трансұлттық компанияларды тарту, қазақстандық экспортты ілгерілету, Қазақстан мен Қытай арасындағы шекара маңындағы сауда көлемін өсіру. Тұтастай алғанда, бірегей жоба бизнесті жүргізу, инвестицияларды тарту және туристерге қолайлы жағдай жасауға бағытталды.

Jas qazaq: 2019 жылы компанияда айтарлықтай өзгерістер жасалды: акциялардың 100 пайыз пакеті мемлекеттен Алматы облысының коммуналдық меншігіне берілді. Бұл бастама қандай мүмкіндіктер берді?

Д.Әбсаттаров: Бұл бастама акционерлік қоғамына Басқарушы компания (АЭА БК) мәртебесін беру — инвесторлар және арнайы экономикалық аймақ қатысушыларымен заңнамада қарастырылған жеңілдіктерді ұсыну арқылы жана шарттармен келісім жасауға мүмкіндік берді.

Jas qazaq: «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы қызметін әрмен қарай дамыту бағытында қандай жұмыс атқарылып жатыр?

Д.Әбсаттаров: Бірінші кезекте, сол кездегі жағдайға талдау жүргізілді. Соның нәтижесінде шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығының мықты және осал тұстарын белгіледі. Талдау нәтижесінде орталық дамуының негізгі бағыттары анықталып, инвестицияларды тарту және туризмді дамытуға басымдық берілді. Осы тармақтар арнайы экономикалық аймақтың даму стратегиясына мұрындық болды. Атқарылған шара қызметтер мен тауарлар экспорты дамуына мультипликативті әсер бермек.

Екінші бағыт — басқарушы компанияның клиентке бағдарланған компания ретінде қалыптасуына, үшінші — инженерлік

инфрақұрылымның дамуына назар аударылды. Арнайы экономикалық аймақтың логистикалық мүмкіндіктері — оның Алтынқол стансасы жанында және ҚХР мен Оңтүстік-Шығыс Азияны — Орталық Азия, Каспий теңізі және Еуропа елдерімен байланыстырып тұрған еуразиялық трансконтинентальді көпір іспетті

аумағындағы инфрақұрылымды дамыту жағы қалай?

Д.Әбсаттаров: «Қорғас» ШЫХО жобасын іске асыруда қазақстандық тараппен салыстырғанда бастапқы жағдай қытай тарапынан айтарлықтай тиімді болғанын атап өткен жөн. «Қорғас» орталығының қытай бөлігі инженерлік және көлік



«Батыс Еуропа — Батыс Қытай» халықаралық автомобиль магистралі маңында орналасқанын ескерсек, бұл жақсы артықшылық.

Jas qazaq: Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жыл басында орталық жұмысына қатысты сын айтып, тиісті тапсырма берді. Біздің ел

жүргізілді. Бұдан бөлек, «Қорғас» орталығының батыс жағында ағып жатқан селге қауіпті Қорғас өзенінің жақын орналасуына байланысты, өңірдің төтенше жағдай департаменті орталықтың бүкіл аумағын селден сақтау және жағалауды нығайту бойынша жұмысты жүргізіп жатыр.

Сұхбаттасқан Қажет АНДАС, Алматы облысы

Көзбен көрген

Үш қабатты зәулім коттеждің алдында тұрмыз. Қақпа ашыла салысымен, тәй-тәй басқан бала алдымыздан шықты. Ешкімді жатырқаған жоқ, алаңсыз ойнап жүр. Бұл – Алматыдағы «Ана үйі» аталып кеткен орталық.

Бізді орталықтың үйлестірушісі Әминат Жаппуева қарсы алып, ішке кіргізді. «Ана үйі» – өмірде түрлі қиындыққа тап болған жас аналар уақытша паналайтын орын. Мұнда көмелетке толған қыздардан бастап,

30 жасқа дейінгі келіншектер жүр. Тағдыры да әрқилы. Бірі «отбасының тірегі» санаған күйеуінен қорлық көрсе, бірі ата-анасының қатыгездігінен жапа шеккен. Біз «Ана үйіндегі» келіншектердің аты-жөнін өзгертіп береміз деген уәдемен барып, олардың тағдыр хикаясын жазып алдық.

ШЕТЕЛДІК КҮЙЕУДЕН АУЗЫ КҮЙГЕН

Алғашқы кейіпкеріміз – Әлима. 28 жаста. Шығыс Қазақстан облысының тумасы. Жоғары оқу орнын аяқтағаннан кейін, шетелдік жігітке тұрмысқа шығып, өзге елге қоныс аударыпты. Болашақ жарымен сөйлесіп жүргенде, оның өрескел мінезі барын білмеген. Өкініш өзегін өртеген жас ана әңгімесін былай бастады:

«Бастапқыда жақсы өмір сүріп жаттық. Бірақ жолдасымның анасы мені о бастан жақтырмады. Ақыры баласы екеуміздің арамсызға түсіп жүріп, бізді ажыратты. Жолдасымның мінезі өзгеретін шығар деп, анасының сөзіне мән бермей шыдап бақтым. Ана атанып, сәби сүюді армандап жүргенмін. Аяғым ауыр екенін білгенімде қатты қуандым. Бірақ жолдасым менің жағдайыма қарамастан, қол көтеретінді шығарды. Тіпті жүктіліктің төртінші айында аямай соққыға жықты. Бұлай жалғаса берсе, баламнан да айырылып қаламын деп ойладым. Ұрып-соққанды тоқтатпаған соң еліме қарай қаштым. Туған өлкеме бара алмадым, туған-туыс, таныстардың көзіне түскім келмеді. Алматыға келіп, бастапқыда пәтер жалдап тұрдым. Аяғым ауыр, оның үстіне жұмыссызбын. Паналайтын баспана да жоқ...



«Үлкен қалаға бақыт іздеп, бір жағы жұмыс іздеп келдім. Алғашында

еден жуушы, одан кейін ыдыс жуушы болып жұмыс істеп, нәпакамды таптым. Бір күні Алматының іргесіндегі Өтеген батыр кентінде тұратын бір жігітпен танысып, шанырақ көтердік. Күйеуім маған дейін бір рет үйленіп, ажырасқан жігіт екен. Бірінші некесінен екі баласы бар. Біздің некеміз мешітте ғана қиылды, заңды некеге тұрған жоқпыз. Басында тату-тәтті өмір сүріп жаттық. Арамызға күйеуімнің алты баласымен ерінен ажырасып келген әпкесі түсе берді. Ол тіпті мені сол үйден кетірудің бар амалын жасады.

Сөйтіп былтыр желтоқсан айында осы жерге келдім. Өйткені баламмен ауылға қайтқым келмеді. Біз жақта күйеуден қайтқан қыздан абыройсыз адам жоқ. Ата-анамның да мені бұрынғыдай жақсы көрмейтінін сеземін. Оның үстіне, біздің жақта күйеусіз бала тапқан қызға ешкім дұрыс қарамайды. Сол үшін амалсыздан осында тұрақтауға тура келді.

Біз мұнда 6 айға дейін ғана тұрамыз. Менің уақытым да келіп қалды. Негізі күйеуім қол көтерген емес. Біз қатты ұрыспадық. Тек алты баласы бар әпкесінің айтқанынан шыға алмады. Әминат апайдан уақыттымыз созып беруін сұрадым. Өйткені қызымның жүрегінде ақау бар. Балапанымды толық емдеткенше осында болсам деймін. Мен бұл жерден көп нәрсені үйрендім. Карантин кезінде қорғаныш маскасын тіктік. Басқа да тұрмысқа қажетті заттарды тігуді үйреніп жүрмін. Алдағы уақытта жақсы бір жұмысқа орналасып, қызым үшін өмір сүргім келеді.

Ата-анам менің осында екенімді біледі. «Үйге қайт» деп жатыр. Бірақ қызыммен ауыл



жаққа бара алмаймын. Осында қалып жұмыс істеймін, — деп үшінші кейіпкеріміз де сөзін аяқтады.

Қазір орталықта 12 қыз-келіншек тұрып жатыр. Мұнда жігері жасып, сағы сынған жандардың еңсесін көтеріп, аяғынан қайта туруға барлық жағдай жасалған. Аулада сәбилердің бесік-арбасы қаз-қатар тізіліп тұр. Ең бастысы — әрбір сәбидің анасы жанында. Тек безбұйрек әкелерінің қайда жүргені белгісіз. Сәбидің жетім қалдырмай, аналық парызын адал атқарып отырған қорғансыз жандардың алдында әлгі «көкек» әкелер бас ию керек. Некесіз бала табу, әкесіз сәби өсіру біздің қоғам үшін тұрпайы, жат қылық екені айдан анық. Алайда әлгі шаңырақтан ана мен баланың махаббатын, жас келіншектердің болашаққа деген сенімін, қайсарлығын көріп, көңіліміз өсіп қайттық.

Жазып алған
Макпал НОҒАЙБАЕВА
Суретті түсірген
Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

АУЫЛҒА ҚАЙТА АЛМАЙМЫН

Үшінші кейіпкеріміздің есімі — Гүлім. Жасы — 28-де. Ауылдың аңкылдаған қызы екені жүзінен көрініп тұр. Алматыға Өзбекстаннан келіпті. Орталықтан пана тапқан жас ана әңгімесін былай бастады:

БАЛАСЫНАН БАС ТАРТҚАН

Екінші кейіпкеріміз — Атырау өңірінің тумасы. Дананың тағдыры тым ауыр. Ол өзі туралы былай деді:

«2017 жылы арман қуып Алматыға келдім. Қазір қаладағы жоғары оқу орнының бірінде ауыл шаруашылығы мамандығы бойынша 3-курстың студентімін. Үлкен қалаға келген соң бір жігітпен танысып, жарты жылдай қызбен жігіт болып жүрдік. Менен 6 жас үлкендігі бар. Екеуміз отау құратын болып келісіп, жақындарымен таныстырды. Бір күні болашақ күйеуім аяғымның ауыр екенін естіп, қатты өзгере бастады. Тіпті баланы алдырып



тастауымды өтінді. Ата-анам бұл жағдайды білмейді. Басымдағы қиындықтан құтылу үшін сәбимді өмірге әкелгеннен кейін бала асырап алғысы келетін адамдарға бергім келді. Босанбай тұрып шақалақты беретінім туралы жазбаны әлеуметтік желіге жарияладым. Нәрстелі болғысы келетін ерлі-зайыптылар Ақтаудан табылды. Олар маған жақсы қарап, балам өмірге келгенше қолдау көрсетті. Мен сәбиді өмірге әкелген күннің ертесі әлгі кісілерге тапсырып, Алматыға қайттым.

Шыны керек, баламды бөтен біреуге тапсырып, басымдағы қиындықтан құтыламын деген ойым қате екен. Тоғыз ай, тоғыз күн көтеріп, алпыс екі тамырыңды иітіп тапқан баланды бөтен біреудің қолына бере салу оңай шаруа емес екен. Баласыз өткен екі аптада көп нәрсені түсіндім. Аналық мейірімім оянып, қателігімді ұғып, сәбиді қайтарып алғым келді. Алматыдағы «Ана үйіне» қонырау шалып, жағдайды түсіндірдім. Мұндағылар Ақтаудағы «Ана үйіне» хабарласып, олар баламды асырап алған кісілермен кездесті. Алматыдан біз барып, мән-жайды түсіндіріп, баламды қайтадан алып қайттық. Әрине, асырап алған отбасы да басында қайтарғысы келмей, балама бауыр басып қалғандарын айтты.

Қазір ұлым жанымда. Ата-анам да жағдайды уақыты келгенде түсіндіремін. Болашақта оқуымды аяқтап, жақсы маман болып, балам үшін өмір сүретін боламын», — деді әлгі қыз.



Әлеуметтік желіден «Ана үйінің» бар екенін біліп, осында хабарластым. «Ана үйінің» үйлестірушісіне жағдайымды айтып түсіндіріп, осында келдім. Бұл үйге былтыр желтоқсан айында келгенмін. Сәбимді аман-есен өмірге әкеліп, қазір осында тұрып жатырмыз. Балам екі айдан асты. Мені қамқорлығына алып, қолдау көрсеткен «Ана үйіне» алғысым шексіз! Мамандығым — заңгер. Жоғары білімім бар. Болашақта шағын кәсіпкерлікпен айналысқым келеді. Балалар киімін сататын интернет дүкен аштым. Қазір оны әрі қарай дамытып жатырмын. Баламның әкесі әкелігін мойындап, тегін берді. Өзім ата-анасыз өскен қызбын. Баламның анасыз өскенін қаламаймын. Сәбимнің болашағы үшін өмір сүруге бар күш-жігерімді аямаймын», — деп сөзін аяқтады.

Орталықты паналаған жас аналар өздерін суретке, камераға түсіруге рұқсат берген жоқ. Басындағы қиындыққа қарамастан, отбасының абырой-беделін сақтағысы келеді. Әкешесінің «ұят болмасын» деген ескертуін екі

ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

Әминат ЖАППУЕВА,
«Ана үйінің»
үйлестірушісі:

«АЛИМЕНТ ТӨЛЕТЕМІЗ»

Бізде қазір өліміз бойынша 18 қалада 22 «Ана үйі» бар. Осы уақытқа дейін 4500-ден аса қыз-келіншектерге көмек көрсеттік. Олар бізді әлеуметтік желі арқылы, әрі емханадағы әйелдер кеңесі арқылы таба алады. Мысалы, перзентханада бір қыз баласынан бас тартса, ондағылар алдымен бізге хабарласады. Біз барып ол қызбен сөйлесіп, түсіндіру жұмысын жүргіземіз. Жұмыс тәжірибемде біздің көмегімізден бір қыз ғана бас тартты. Орталықта қыздар 6 ай тұрады. Осы уақыт ішінде олардың туған-туысқандарымен хабарласып, кеңес береміз. Егер қыз өзі келіссе, баласының әкесін де табамыз. Ашық әңгімелесеміз. Егер ол өз міндетінен бас тартып, «бала маған керек емес» десе, амал жоқ, сотқа береміз. Әкелігін ДНҚ арқылы дәлелдетіп, сот арқылы алимент төлетеміз. Бізде қыздар бір-бірінің баласына қарайласып тұрады. Бірі – студент, бірі жұмыс істейді дегендей. Мұнда тігін цехы бар. Қыздар қолөнермен айналысып, тапсырыс бойынша көрпе-жастық, тұрмысқа қажетті бұйым тігеді.

Еңбек ет!

Қала көшелерінен сары қорап асынған тауар жеткізушілерді жиі көреміз. Әсіресе, карантин кезінде олардың қатары көбейді. Дүкендер мен қоғамдық тамақтану орындары жабылған шақта, жеткізіп беру қызметі қажеттілікке айналды.

Осы кәсіпті игеріп, курьерлікті кәсіп еткендерді күнде көреміз. Алайда олардың жұмысы туралы біле бермейміз. Бұл кәсіппен кімдер айналысады, айлығы қанша? Осы сауалдарға жауап іздеп, Алматы көшелерін араладым. Асханалар желісі маңында көп жүреді дегенді естігем. Бөгенбай мен Желтоқсан көшесінің қиылысындағы тамақтану орнына келіп, маңайды біраз шолдым. Бірақ мен іздеген курьер бұл маннан табылмады. Жаяу жүргінші көп жүретін Панфилов көшесімен бойлай түскенімде сары қорап асынған курьерлер көзге оттай басылды. Іздегенім алдымнан шығып, бір курьердің ізіне түстім. Ол велосипедін көшеге қойып, тапсырыс берген

КАРАНТИН КӘСІПТІ ӨЗГЕРТТІ



мекенжайды іздей бастады. Телефонына бір, үйдің нөміріне бір қарап, таба алмай тұрғаны байқалды. Қонырау шалып еді, ешкім жауап бермеді ме, ұялы телефонның құлағында ұзақ тосты. Осы сәтте жанына барып, журналист екенімді, өзі сияқты кейіпкерді іздеп жүргенімді айттым.

— Кешіріңіз, мен сізге сұхбат берер едім, бірақ мына тапсырыстың мекенжайын таппай тұрмын. Басқа көшеге келген сияқтымын. Уақытында жеткізбесем, тапсырыс беруші жаман пікір қалдырады. Ол менің айлығыма әсер етеді, — деді қынжылып.

Өзі сияқты курьерлерді қайдан табатынымды сұрағанымда:

— Қазір Гоголь мен Пушкин көшесінің қиылысына барсаңыз, кезегін күтіп тұрған әріптестерім көп. Олар сізге жауап береді, — деп сол жақты нұсқалды.

Бейтаныс жігіт айтқан орынға жақындағанда, кафе сыртында кезекте тұрған курьерлерді көрдім. Екі жеткізуші бір-бірімен әңгімелесіп тұр екен. Жандарына барып мән-жайды айтып едім, екеуінің бірі сұхбат беруге келісті. Әңгімелесуге келіскен жас жігіттің есімі — Олжас Өтепбергелі. Түркістан облысы Кентау қаласының тумасы. Жасы 21-де. «Алматыдағы жоғары оқу орнының бірінде оқимын. Мамандығым көлік құрылысымен байланысты. Жақында дипломымды аламын. Қаладағы ТЖО-ның бірінде жұмыс істеп жүргенмін. Көлік жөндеу, құрастыру саласына қатты қызығамын. Бірақ карантин кезінде мен жұмыс істеп жүрген ТЖО жабылды. Осы кезде кәсіпті өзгертуге тура келді. Әлеуметтік желіден курьерлік жұмысқа адам қабылдаймыз дегенді көріп, осы жұмысқа хабарластым», — деді ол ағынан ақтарылып.

Мен одан жұмысының қызықты сәттерімен бөлісуді өтіндім. Ол: «Бірде тапсырысты алып көрсетілген мекенжайға жетіп бардым. Сөйтсем, мен тапсырысты шатастырып алыппын. Ол кісілерден кешірім сұрап, әрең дегенде тығырықтан шыққаным бар. Тіпті тапсырыс берген кісілердің тамағын толық жеткізбей, кейбірін ұмытып кеткен күндер болды. Ондайда кешірім сұрап құтыласың», — деді.

Бір қарағанда оңай жұмыс емес. Мекенжайды дәл тауып бару біраз уақыт алады. Сонда бұлардың айлық табысы қанша екен? Оған жаңа танысым былай деп жауап берді: «Айлығымыз тапсырысты жеткізгенімізге байланысты. Шамамен 150-200 мың теңге шығады. Бұл кәсіп өзіме ұнайды. Жұмыс кестенді өзін таңдайсың. Неғұрлым тапсырыс көп болса, айлығың да соған қарай шығады. Әсіресе, карантин кезінде көп кәсіпорын тоқтап тұрғанда, біздің жұмыс қарқынды болды. Мен сияқтылардың қатары көбейді. Мамандығым бойынша жұмысқа орналасуым әзірге белгісіз, осы кәсіпке үйреніп қалдым. Бәлкім, бұл кәсіпті тастамайтын шығармын», — деді жас жігіт.

Ақниет ҚАЖЫМҰРАТ,
Абай атындағы РММИ-дың
11-сынып оқушысы



«Smart city», бұл – «Ақылды қала». Еліміздің үшінші мегаполисі бүгінде ақылды, цифрлы және қауіпсіз қалаға айналып келеді.

Цифрлық сауаттылық – адамның өмірдегі барлық салада цифрлы технологияларды сенімді, тиімді және қауіпсіз қолдануға дайындық. Ол қазіргі таңдағы ақпараттық қоғамда қауіпсіздіктің негізі саналады. Елімізде жүзеге асырылып жатқан «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының төртінші бағыты – адами капиталды дамыту, оның ішінде халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру. Бұл тұрғыда цифрлық сауаттылыққа оқыту жалғасуда. Биылғы жоспар – халықтың цифрлық сауатының дейгейін 80 пайызға жеткізу. Осы бағытта 12 мың адам цифрлық оқудан өткізілмек.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінде <https://digitalkz.kz/kursy/> ресми сайты ашылып, онда арнайы курстық оқыту бөлімі жұмыс істеуде. Сонымен қатар, арнайы телеграм-канал да ашылған.

Жалпы, оқу 5 бағытта жүреді: «Базалық дағдылар», «Е-коммерция», «Ашық үкімет» порталы, «Ақпараттық қауіпсіздік негіздері», «Электронды үкімет және электронды мемлекеттік қызметтер» веб-порталдары.

Цифрлық сауат арттыру оқуына шымкенттіктер де қатыса алады. Курс маусым айынан бастап қазан айының соңына дейін жалғасадy.

Енді үшінші мегаполистегі цифрландыру бойынша атқарылып жатқан жұмыстарға келсек, цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі А.Жұмағалиев осыдан біраз уақыт бұрын Шымкентте цифрландыру бойынша атқарылып жатқан жұмысқа жоғары баға берген болатын.

Мәселен, Шымкент қаласы білім беру саласын цифрландыруда көш бастап тұр. Бұл салада балабақшалар, мектептер және басқа да білім беру мекемелеріне құжат қабылдау, жолдама беру бойынша сұранысқа ие мемлекеттік қызметтер автоматтандырылған.

Шаһар басшысы Шымкентте «Ақылды қалалар» эталондық стандарты мен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы аясында 8 негізгі саладан тұратын тұжырымдама жүзеге асырылып жатқанын және бұл бағыттағы жұмыстың одан әрі жалғасатынын айтқан еді.

«Қаланы басқару» саласы бойынша «109» мониторинг және жедел ден қою қызметі» ағымдағы жылдың маусым айының соңына дейін қолданысқа енгізілетін болады.

Ал қала әкімінің бірінші орынбасары Е.Садыр денсаулық сақтау саласында медициналық мекемелер жыл соңына дейін 100 пайыз компьютерлік техникамен қамтылатынын айтады. Оның мәлімдеуінше, мегаполисте «103» жедел медициналық қызметін жаңғырту» жобасы іске асырылуда. Жоба негізінде маусым айында тұрғындарға дер кезінде көмек көрсету, қонырауды үзіліссіз қабылдау үшін Call-орталық құру көзделіп, ашылды. Сонымен қатар, әкімдік тарапынан көрсетілетін 160 мемлекеттік қызметтің 141-і автоматтандырылған, бұл 88 пайызды құрайды.

Бұдан бөлек, жер қатынастары саласын цифрландыру мақсатында өткен жылы halyksaulet порталы іске қосылды. Halyksaulet арқылы мекенжайға нөмір беру, оны нақтылау және жою қызметтері автоматтандырылған жүйе арқылы бір жұмыс күнінің ішінде ұсынылып жатыр. Бүгінде шаһарда бас жоспардың инвестициялық картасы (shymkent.genplan.kz) әзірленген. Ендігі кезекте Шымкент қаласының геопорталын дайындау жұмысы жүргізіліп жатыр.

АШЫҚ ӘКІМДІК

Шымкент қаласының әкімдігі — Ашық әкімдік. «Ашық әкімдік» жобасының аясында азаматтарға көрсетілетін мемлекеттік қызмет шарттары орындалып, карантин жағдайындағы ахуалдық орталықтың жұмысы іске асып келеді.

Ал өтініш пен жұмыс жасау бөлімі азаматтардың өтініші мен жұмыс сапасын арттыру мақсатында ашылған.

«Ашық әкімдікте» қала тұрғындарының арыз-шағымын қабылдайтын 10 терезе жұмыс істейді, *(оның ішінде 1 терезе өзіне-өзі қызмет көрсетуге арналған)* «бір терезе» қағидағы бойынша бірыңғай жерде мемлекеттік қызметтерді көрсетеді.

Әкімдіктің мәліметі бойынша ағымдағы жылдың 4 айында 5 483 өтініш келіп түсіп, оларға тиісті жауап берілген.

5G-ДІҢ АУЫЛЫ АЛЫС ЕМЕС


Біз қалада интернет жылдамдығы жоғары болған жағдайда ғана цифрлы сауатты боламыз. Қала әкімі осыдан бірер апта бұрын жылдамдығы төмен аймақтарды интернетпен қамтуды тапсырған болатын.

Қаладағы шағынаудандарды жоғары сапалы интернетпен қамтамасыз ету жайын баяндаған

цифрландыру басқармасы басшысының міндетін атқарушы Р.Ақжігітов қала аумағындағы 105 шағынаудан мен тұрғын алаптары интернет желісімен қамтамасыз етілгенін, оның ішінде мобильді интернетке — 74, сымды интернетке — 79, талшықты-оптикалық байланыс арнасына 49 шағынаудан қол жеткізгенін атап өтті.



SMART SHYMKENT



Оның

айтуынша,

бүгінде

интернет

желісіне қатынау

мүмкіндігі бар үй

шаруашылықтарының

үлесі 90,7 пайызды

құраған. Оның ішінде 98,5

пайызды мобильді кең жолақты

байланысқа, ал 21,8 пайызы

сымды кең жолақты байланысқа

қосылған. Ал, интернет желісін

пайдаланушылар үлесі 80 пайызды, тіркелген

интернет абоненттерінің саны 75,5 пайызды

құрайды екен. Бұдан бөлек, ол 20 шағынауданда

интернет желісі, ал 16 тұрғын алапта мобильді

интернет сапасы нашар екенін айтты.

Сала мамандары байланыс операторлары

тұрғындардың денсаулыққа зиян келтіреді деген

шағымдарының есерінен бірнеше шағынаудандарда

базалық стансалар алынып тасталғанын айтып,

базалық стансаларды орнатуға арнайы жердің

қарастырылмағанын жеткізді.

Осы ретте, қала әкімі жылдамдығы төмен аймақтарды 100 пайыз жылдамдығы жоғары интернет желісімен қамтамасыз етуді тапсырған-ды.

М.Әйтемов «Қаланың әрбір тұрғыны сапалы интернетке қол жеткізуі керек. Қазір мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі интернет арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан сапасы төмен елді мекендерге көңіл бөліп, 5G жылдан интернет желісін қолға алуымыз керек», — деді.

Қаладағы кейбір шағынаудандарда 5G тұрмақ, 4G желісінің сапасы төмен екенін айтқан шаһар басшысы Шымкент қаласын жылдамдығы жоғары интернетпен қамтамасыз ету үшін стратегиялық жоспар құрып, 5G технологиясына өтуді жүктеді. Сонымен қатар, әкім салалық басқармаға ұялы байланыстың базалық стансалары мен қажетті жабдықтарды орнатуға тиісті жер учаскесін бөлу бойынша нақты тапсырмалар жүктеді.

саябақ — 3, Металлург саябағы — 3, Жеңіс саябағы — 3, Дендро саябағы — 3, Қошқар ата — 2.

«Ақылды құнбағыс» құн панельдері арқылы күн көзінен аккумуляторға қуат жинайды. Жиналған қуат ұялы телефондарды, планшеттерді қуаттауға, жарықтандыру шамдарын жағуға, танымдық кешен құрылығын іске қосуға жұмсалды.

Сонымен бірге, Wi-Fi желісін тегін тарату мүмкіндігі бар. Құпия сөз (*пароль*) ретінде көрнекті ақын Абай



Құнанбаевтың туған жылы мен 2020 жылы атап өтілетін мерейтойын қатар жазу арқылы Wi-Fi желісін қол жеткізуге болады.

Қала тұрғындары мен қонақтары арнайы «Ақпараттық қызмет көрсету» қосымшасы арқылы қаламыздағы көрікті жерлер, архитектуралы нысандар, саябақтар, тамақтану орындары және ойын-сауық кешендері туралы қазақ, орыс, ағылшын тілінде мәлімет алып, олардың орналасқан нүктесін картадан тауып алуына болады.

«Ақпараттық қызмет көрсету» қосымшасына қазақ тіліндегі фильмдер мен ән-күйлер жинақталған.

БАСПАНА МӘСЕЛЕСІ ШЕШІЛІП ЖАТЫР

Шымкенттегі New City және Асар city тұрғын үй кешендерінің құрылысы аяқталған. Made in Shymkent отандық өнімдерімен жабдықталған әкімдік тарапынан құрылған арнайы комиссияның тексеру нәтижесінен соң пайдалануға берілетін болады.

Бүгінде Шымкент қаласында жалпы 48 көпқабатты кредиттік тұрғын үйдің құрылысы аяқталды. Атап айтқанда, әкімшілік-іскерлік орталығында 8 үй, Шымкент city шағынауданында 16 үй, Тұран шағынауданында 14 үй, Асар-2 шағынауданында 10 үй.

Тұрғын үйлер 5, 9, 12 және 16 қабатты, 1, 2 және 3 бөлмелі. Пәтер саны 2592, ауданы 156 мың шаршы метрді құрайды.

Үйлер бірінші кезекте Тұрғын үй жинақ банкі арқылы Шымкент қаласында баспанаға мұқтаж ретінде кезекте тұрған азаматтарға беріледі. Пәтердің 1 шаршы метр құны — 180 мың теңге.

«Shymkent» ӘКК» АҚ тарапынан 24 тұрғын үй салынды. Аталған үйлер «7-20-25» бағдарламасы арқылы беріледі.

Биыл қалада жалпы аланы 1 млн шаршы метрден асатын көпқабатты 248 тұрғын үйдің құрылысы жүргізіліп жатыр. Оның ішінде ауданы 594 мың шаршы метрді құрайтын 126 тұрғын үй жеке инвесторлардың қаржысына салынуда. Инвестиция көлемі 150 млрд теңгені құрайды.

Жеке инвесторлардың қатарында құрылыс саласының үздіктері болып саналатын «BI Group», «Highvill Kazakhstan» ЖШС, «Отан-Строй» ЖШС, «FEB Group» ЖШС, «Оңтүстік Құрылыс Сервис» ЖШС, «South Company» ЖШС, «Заманауи құрылыс бұйымдары» ЖШС, «Корпорация Сити-строй» ЖШС секілді отандық компаниялар бар.

Айта кетейік, инвесторлар биыл 33 үйдің құрылысын аяқтауды жоспарлап отыр. Қалған 93 үй 2021 жылы пайдалануға беріледі.

МАЛДЫ БАҒА БІЛ, БАБЫН ТАБА БІЛ

Шымкент қаласында мал шаруашылығы өнімдерін арттыру мақсатында жалпы сомасы 2,3 млрд теңгені құрайтын 7 ірі инвестициялық жоба жүзеге асырылуда.

Нәтижесінде жыл соңында қосымша 1,5 млн литр сүт, 40 млн дана жұмыртқа, 2 мың тоннадан аса құс еті, 2 500 тонна ет өндіріліп, 210 жаңа жұмыс орны ашылатын болады.

Қала әкімінің орынбасары Е.Садыр ауыл шаруашылығы нысандарына арнайы барып, жұмыстарымен танысты.

Алғаш болып ЖК «Нормухамедов» шаруа қожалығына барды. ЖК «Нормухамедов» - 2007 жылдан бері бал арасын дамытып отырған шаруашылық. Жылына 100 тоннадан астам бал өндіреді. Бүгінде 5000-нан астам бал ара ұясы бар.

Ал, «Зертас» ШҚ сүт фермасы 2019 жылы Австрия елінен жеңілдетілген несие және мемлекеттік қолдау арқылы 128 бас сүтті-етті бағыттағы (*симменталь*) асыл тұқымды сиырларын әкелген. Бүгінгі таңда шаруашылықта жалпы мал басы 161-ге жеткен.

«Тассай құс» ЖШС жылына 40 млн дана тағамдық жұмыртқа өндіруде.

Қосымша айта өтсек, ағымдағы жылдың 5 айында Шымкентте 5983,4 тонна ет, сүт 19260 тонна, жұмыртқа 62,5 млн дана өндірілген. Мүйізді ірі қара — 82,6 мың бас, қой мен ешкі — 112,2 мың бас, жылқы — 14,6 мың бас, түйе — 29 бас, құс — 953,9 мың басты құрап отыр.

Мәрия АЙТБАЙ,
Шымкент қаласы

Ақтандақ

Байқасам, балалық бал дәуренімнің қызықты шақтары нағашылардың ауылында өткенге ұқсайды. Нағашы атам біртоға, көп сөйлемейтін кісі, шаруасын реттеп малын бағып, ауқатын ақсатпайды. Нағашы апам үйдің де, түздің де жұмысын бірдей тындырып отыратын қақатұяқ, қимылы ылдым-жылдым пысық, қараторы кісі. Күндізгі қарбаласты аяқтап, кешкі тамақтан кейінгі әредікте апамның айналасына үйірілеміз. Ертекпен басталатын ұзақ-ұзақ әңгімелер өз заманының шытырман қызықты оқиғаларымен жалғасатын. Мен ержетіп, құлаққа сөз кіретіндей кезде әңгімесін тіпті үдете түсті. Ол кісі маған не айтады дейсіз! Әңгімесі бірінен-бірі қызық, бірінен-бірі тәтті. Атамекені Нарынқолдың Текес пен Шалкеде жайлауынан басталатын шежіре 1930 жылдардың аласапыранына, шекарадан қашып өткен, өмір мен өлімнің арасындағы жанталасқа, 40-жылдардың қиын кезіне, 50-жылдардың комуналасуына, 60-70 жылдардағы «Мәдениет төңкерісіне» сүңгітін. Балалықтың, әлде жастықтың есерінен біреуін тыңдасақ, біреуін жөңді тыңдамадық. Айтқанының бәрі есте қалмады. Дәйтұрғанмен, санамда салмағымен тапжымай қалғандары жоқ емес. Ендігі сөзді нағашы апам Несібелінің өз әңгімесіне берейік.

ҮРКІНШІЛІК

Есімде қалуынша, 1930-жылдар қысып келген ашаршылық, халықты қатты састырады. Қолында бар бола тұра, тышқак лақты сойып жеуге дәрмені жетпеді. Тауда аң, орманда құс, суда балық болды. Бірақ солардың бірін де еркін аулатып, елдің көдеге жаратуына рұқсат бермеді. Халық жан-жаққа ауа көшіп, тоз-тозы шықты. Нарынқолдықтардың біразы қырғызға, басым көбі Қытайға үдере көшті. Сол каш-каш «халық жауларын аластау» науқанына жалғасып, біреу басы мен малын қорғап көшсе, біреуі дүрмекке ілесіп қашты. Біреу төніп келген катерді сезіп көшсе, біреу көленкесінен шошып безіп кетті. Үркіншілік толастамай жалғаса берді. Күндіз қарасан, жайбарақат жатқан ауыл түнімен зымзия жоғалып, таң ата жұртты жатады. Қонырсыған ошағы, өредегі құрты, өрістегі малы қалады.

ШАЛКӨДЕНІҢ ШЕРЛІ ШЕЖІРЕСІ

Адам үріксе қиын екен: алды-артына, өлген-тірілгеніне қарамай тартып береді. Сондықтан да ол кез «үркіншілік» деген атпен тарихта қалды. Бейбіт жатқан елді «қызылдар» келіп жаналқымға алды. Бірінен-бірі асып түсетін не түрлі салық салды. Орындау деген мүмкін емес. Оны жасай алмай сотталғанша, жан сактап босудан басқа шара қалмаған қиын күнге душар болдық. Біздің жанадан бас құрап отау көтерген кезіміз болатын. Ауылға келін болып түскеніме аса көп бола қоймаған. Ол кезде ауыл-ауыл болып шоғырланып біртұтас отыратын еді. Бардамы да, жок-жігігі де аралас, бірін-бірі толықтап, өзара сүйеу болып, топтасып өмір сүретін. Баяғы көшпенді өмірдің жұрнағы әлі бар. Біздің ауыл Шалкөденің басын, жайлаудың төрін жайлап жатқан. Жырғап жүрген ешкім жок: «ана ауыл көшіп кетіпті», «мына ауыл көшіп кетіпті» деген сөз желдей есетін. Оған ілесе «пәленшекемді ұстап әкетіпті», «түгеншекемді атып тастапты», «пәленшенің ауылы қытай шекарасында қырылып қалыпты» деген әңгіме гу-гу. Байқаймын, ішім сезіп тұр, біздің ауылға да бір тықыр таянды. Үлкендер жағы шұғыл кеңес құрып, бүгін түннен қалмай қопарыла арғы бетке асуға бел буыпты.

— Ешкім шашау шықпасын! Тірі болсақ бір төбеде, өлсек бір шұңқырда боламыз. Ауыздарына ие болыңдар! Кімде-кім тісінен шығарса, тілін суырып аламыз! — деген қатулы бұйрық сұп-суық қалпында ызғарын шаша жетті. Ол кездің бір ерекшелігі - үлкендердің айтқаны заң, қарсы шығып тәжікелесетін кісі болмайтын. Қарауыл бала қатты жүріспен ауылға жетіп, ауыл жаққа қарай жүрісі бейсауат үш атты кісінің келе жатқанын жеткізді. Ақсақалдар жағынан қатаң бұйрық айтылып, ат-көлік жүген ноктасынан сыпырылып өріске жіберілді. Өгіздердің ыңыршағы алынып суатқа айдалды. Әйелдер шелегін көтеріп біреуі қой сауып, біреуі сиыр сауып жайбарақат күйге ауысты. Осы кезде басын бұған кішкене қосымызға екі ақсақал келіп: «Айналайын келін, дәуде болса бұл келе жатқан сенің парторғ ағаң — Берікбай Есқожаев. Бар үмітіміз өзінде, қарағым! Бір ауыз сөзден ши шығып, сезік тудырсақ, біткен жеріміз сол. Әсіресе, сен абай бол! Ол келе, сенің хәліңді сұрап мұнда бас сұғуы мүмкін. «Өзің көріп отырсың, жағдай қиын, у ішсен руынмен деген. Дымдынд шығарма! Көшетінімізді айтып қойма. Сөз осы!» — деп кідірмей шығып кетті.

Арада көп уақыт өткен жоқ, қырдан үш кісінің қарасы көрініп ауылға жақындап келіп, шеткі қосқа бұрылып, содан кейін тура бізге тартты. Есік алдына шығып күтіп тұрамын. Берікбай аға қасында екі мылтықты қызыл әскері бар қостың қасына келіп ат басын ірікті.

— Оу, Несібелі, амансыңдар ма? Қалдарын жақсы ма? Тыныштық па? — деп есендік сұрады. — Жақсымыз аға, өздеріңіз қалайсыздар? — деп күліп қарсы алдым.

— Е, әзір көрген әзір жок, бандылар құтырып елді бүлдіріп жатыр. Өздеріне жүрісі күдікті көлденен көк аттылар келіп жүрген жок па? — деді ағам.

— Жок, аға, біздің ел тыныш! — дедім жайбарақат.

Осы кезде қонақтардың кідіріп қалғанын көрген ауыл ақсакалы төргі үйден шығып бізге қарай аяндады. Жақындап келіп:

— Оу, Парторғ құда, ассауламағалайкум! Бұл балалардың отауын қайтесіз, бері бұрылыңыздар! — деп шылбырына оралып бәйек болып, өздеріне шақырды. Жарбып тұрған жаман қосымызға бір қараған Берікбай ағам қасындағы солдаттарына бірнәрсө айтты да ақсақалға ілесіп үлкен үйге түсті.

Санам сан сакқа жүгіріп, қосқа бір кіріп, бір шықтым. Ойпырай, ә, айтсам ба екен, айтпасам ба екен? Төркінімнен алыстап, ағадан айырылып қайда кетпекпін? Осы кезде сырттан күйеуім Рахымберді келіп «Әй, Несібелі, түрін қатты бұзылып, алабұрттып тұрсың ғой. «Шыққан қыз

шиден тысқары» дегенді жақсы білесің! Осыдан сыр алдырып пәлені бастасан, қаншама адамның обалына қалғалы тұрсың? Екі дүниеде сорың қайнайды! Есінді жи!» деп зекіді. Рахымбердінің мына сөзі көңілімді орнықтырып сабама түсірді. Ағам күдіктенбесін деп қолыма бір шелегімді алып үлкен үй жаққа беттедім, қазан-ошағына араласып, қонақ күтудің қамына кірісіп кеттім. Аспанға жұлдыз толғанда қонақтар орындарынан тұрып келесі ауылды көруге аттарына мінді. Жұрт болып «Ал құдеке, сау-саламат болыңыз! Жолдарыңыз болсын!» деп қоштасып аттандырдык.

Шамасы екі белден асып, шәй қайнатым уақыт өткенде ауыл абыр-сабыр қарбалас күйге түсті де кетті. Өрісте қайырмалап жүрген көлік әкелініп ерттелді, жүк артар өгіздерге ыңыршақ салынып, белін арқанмен тартып апыл-ғұпыл жүк артылды. Жолда ең қажет

Көптен суырылып үш адам қаруын серт ұстап аттарынан қарғып түсіп, таяп қалған солдаттың алдыңғы легін қарауылға ала басып-басып жіберді. Екпіндеп жетіп қалған алдыңғы екеу окка ұшып ома-шома болып құлады. Қашқан елден мынандай қарсылық көреміз деп ойламаған құғыншылар іркіліп, ұйлығысып барып тоқтады. Бастықтарының шаңқылдаған бұйрығынан соң, қарағайды далдалап, жартасты паналап бытырлата оқ жаудыра бастады. Шамасы отыздан аса қарулы топ тез қимылдап жан-жақтан ентелеп келеді. Оқшантайдағы аз ғана октың шипасы бігіп бара жатқан үшеу дәлдеп қана жақындап келгенін нысанаға алып атысып жатыр. Бес қаруы саймасай топты солдат окты жанбырша жаудырып үшеу жатқан қырды басып қалды. Одан аса жандәрмен қашқындардың соңынан оқ атып көріп еді, олардың соңғы шоғыры қырдан асып көзден ғайып болды.

Жау тиген көште не береке болсын, улап-шулап, асып-сасып мойнактан асып кең алқапқа өттік. Бөтен елге келдік деген аты ғана, жалғасып жатқан сол бір таудың жүлгесі, шөбі де, тау мен тасы да бірдей. «Қызылдармен» атысып артта



деген кептірілген ет, тары-талқан, көмбе нан сияқты азық-түлік қапқа салынды. Текемет пен көрпенің бірен-сараны ертоқымсыз көліктердің аркасына жабылды. Үй тігулі күйінде, бұзау байлаулы, айран ұйытылған қалпында жұртта қалды. Айналасы аз ғана уақытта дүр көтерілген жұрт қырдан асып, ілезде ғайып болды. «Таң атпай Айғайтастан асып, Шартастың басын айналып, Мақшыға жету керек. Болмаса қарулы күзетке тап болып, көзге түсіп, жүндей түтіліп, жапырылып қаламыз!» деген үлкендердің бұйрығымен көш үлере тартты. Көшке ит ілестірілмеді. Аттың пысқырғанынан басқа оғаш дыбыс жок. Қатаң ескертудің бірі — ес кірмеген балалар мен сөбилердің дыбысын шығармау. Ат-көлігіне қамшы басып, шығысқа бет түзедік.

Жайлау шекараға тым жақын. Жүріс осы қарқында болса, таң атпай шекарадан асып кетуге болады. Әзірге ұлыкаусар оқиға болмады. Қыңқылдай бастаған балаларға аналары аузына емшегін салып, жандары шығар-шықпас күйде қара терге түсіп, қысылып, Аллалап келеді. Кеше кеште бұл ауылда парторттың болғандығынан шығар, арттан қуғыншы байқалмады. Оның келгені де бір ғанибет болғандай. Көш тоқтаусыз ілгерлеп, екі елдің белгі тасына жақындады. Өне-міне қырдағы шекке ілініп «Үһ, өттік-ау!» дей бергенде, қайдан шыққаны белгісіз тарс-тұрс етіп атылған мылтық дауысы тау-тасты жаңғыртты. Ормандағы құстар шошынып пыр-пыр ұша бастады. Мінезі шадыр бірлі-жарым аттар тасыр-тұсыр оскырынып тік шапшыды. Әйелдер шулап, балалар жылап шошынған, қорыққан айғай шатқалды басына көтеріп тастады. Жұрт октың дауысының қайдан шыққанын бағамдап қарап еді, арттан атылып жатыр екен. Солдаттар із шолып жүріп көштің кетіп бара жатқанын малдың тезегінен, оны-мұны түсіп қалған заттардан жазбай танып қуып жеткен жері осы. Шекара көзкөрім жерде ғана тұр. Жұрт не істерін білмей сасып қалды.

Осы кезде ауыл ақсакалының өктем дауысы айғай-шуды пышак кескендей тыйып, жұртты сабырға шақырып елдің есін жигызды.

— Жайкау, Жәйшібек, қайдасыңдар?!

Қаруларынмен менің қасыма келіп солдаттарды бөгендер! Рахымберді, сендер көшті бастап алдындағы қырдан асырыңдар! Тез қимылдандар! Белден ассан, Қытай жері, бұлар оқ ата алмайды. Бізге қарамай алға ұмтылыңдар! — деді өктем үнмен.

қалған үш арыстан анық айырылғанымызға көзіміз жетіп келеді. Қайта қайырылып жүзін жасыруға дәрмен жок. Беттері ашық күйінде қанға батып далада қалды. Ер-азаматтарынан айырылған жесірлер де, әкелерінен қапияда көз жазып қалған перзенттері де іштей егіліп, іштей қан жұтып, үгіліп келеді. Токтаусыз ілгеріледік.

ТОНАУ МЕН ҚОРЛАУ

Бір заманда оң жағымыздан құйғыттып шауып келе жатқан қалын аттының қарасы көрінді. Олар екпінің бәсенсітпеген күйі көштің алдын орасын. Нобайы көдімгідей көп, екпіні қатты. Жартысынан астамында шошандаған мылтық, тақымында ойнақтаған жараяу ат. Енді жуас болмай шарамыз жок. Бас иемізден айырылып келеміз. Құралдарын кезеніп түнерген топ қаһарын төгіп қарсымызда тұр. Сөйтсек, атқа бір жамбастап қисайыңқырап мінген бұлар қытай шекара күзетіне қойған мұңғұлдар екен. Бастарында жиекті дөңгелек қара қалпақ, үстілерінде қусырма ұзын қара шапан. Сол жак қолтығының астынан түймесі басталатын киімінің жағасы тар, етегі кең. Аяқтарында добалдай бұзаубас етік. Көбінің түсі қарасұр. Дәл осы біз өткен Мұңғұлқүреден солтүстікке қарай Шапшал, Қорғас, Бұратола өңірінің барлық жерінде мұңғұлдар мекендейді. Олар малын бағып, әркісін (сүттен жасалған арақ) ішіп, дулап (өлендетіп) жүрсе де, мойындарында шекара қорғау міндеті бар. Шығыстан жеткен қытайларға бағынып, өздері малын бағып, қожаларының бұйрығын орындап, кең жатқан ұлан-қайыр мекенге солар ие болыпты. Оның бәрін кейін білдік қой. Мынау бізді қоршап тұрғандардың бәрінің мұңғұл болатыны содан.

— Оу, қашқындар! Сендер орысты құртқан қусындар! Өншен байдың құйыршықтары! Дүниелерінді өкіметке беруге қимай алып қашып келесіндер ғой. Бандылар, қызыл өкіметке оқ атып келе жатқандарың ғана біздің Дутыңға ұнайды. Әйтпесе, бәрінді қырып салуға шамамыз жетеді. Сендерді ішке қарай өткізуге болады. Бірақ шартымыз бар, — деді дәу шойынқара.

— Біз ешқандай бұзықтардан емеспіз. Өкімет бұзылды, қара қазан, қатын-баланың амандығы үшін елден босып келеміз. Қысылған жанға араша болып, іргеннен орын берулерінді тілеп келдік. Онда шартыңды айт, бастык! — деді басшымыз.

— Ендеше, орындарыннан қозғалмайсындар! Біз керегімізді жиыстырып алғанша тыпыр етпейсіндер! Сенлер бәрібір өз еріктерімнен бере қоймассыңдар. Орыстан алып қашып келе жатқан алтындарың мен асылдарыңды түгін қалдырмай қолымызға салыңдар!

Ол осыны айтты да қасындағыларға иек қакты. Олардың бұлап-талауға, озбырлықка дәннiккен жуан жұдырық, оспалар бірнешеуі аттарынан қарғып түсіп, бізге қарай анталап келеді. Ең бірінші аттың шылбырына жармасты. Бермесімізге қоймай, астымыздағы аттын он шақтысын шетке шығарды. Қайта айналып келіп жанқалта, қойны-қоншымызға қол салып, ілінген керектінің түгін қоймай қидай сыпырды. Үстіміздегі жөңді киімдерімізді де шешкізіп, жүнін жұлған тауықтай қылды. Үшінші рет әйелдер жағына ойысып, күміс білезік, мойындарындағы моншақ-маржанын, бермегенін құлақтарын жырып тұрып жұлып-жұлып алып жатты. Осы тұста ерлер жағы бір қозғалып барып дүрлігісіп қалып еді, мұңғұлдар жағынан шақыр-шұқыр мылтық шапқактары қайырылды. Топ басшымыз қолын көтеріп «Сабыр!» деді. Алғандарын уыстап апарып басшыларына беріп, оған жақындап барған біреуі бірнәрсені айтып, біз жақты көрсетіп жатыр. Анау жуан мұңғұл ат үстінде бір қозғалып басын изеді. Үрпе-шүрпеміз шыққан біз енді не істер екен деп іштей тынып, қобалжып тұрғанбыз. Мұңғұлдың аюдай өктем дауысы гүр етті.

— Енді бір шартымыз бар! Араларыннан бір қызға көзіміз түсті. «Қазак-қалмақ киіз-туырлық» дегенді білесіндер, қазақтар «судың түбін шым бекітеді, даудын түбін қыз бекітеді» деуші еді ғой? Ендігі жерде құда болайық. Бізге бір қыз берсеңдер, жолдарың ашылады, өтіп кетесіндер! Бермесендер, қазір-ақ қырып тастаймыз. Болмаса, қайтадан айдап отырып орыстарға тапсырып береміз!

Міне, қиын жері осы болды. Атты алып жаяу қалдырғанда, дүниені алып тонағанда, қыз-келіндердің әшекейін сыпырып қолы-басын жалаңаштағанда дымын шығармай тұрған еркектер дәл мынандай озбырлықка келгенде шыдамады. «Әй, мұнысы несі? Осындай да сұмдық бола ма? Сүйегімізді қорлата алмаймыз! О, атана нәлет найсаптар!» деген үн тасқын судай жұрт ісілтеп кетті.

— Әй, бастык! Сен әліңнен асып барасың, мейманаң тасып тұр екен. Біз қашқын мүсапірміз, сен бұл жердің қожасы болып тұрсын. Амалымыз кәні? Айт қалауыңды! — деді, жаны қиналып тұрса да, шұрқыраған көген көздердің тағдырына алаңдаған бас иеміз.

Мұңғұл қасындағы бәлеге иек қаксын. Ол лып етіп адымдай басып топты аралап келіп үлкен үйдін бойжетіп отырған сұлу қызының білегінен шап берді. Ол денесіне шок түскендей бір бұлқынып, орнынан секіріп барып анасына тығылды. Осы тұста қыз ағасы қалмақты жағасынан ала түсті. Көзді ашып-жұмғанша көтеріп алып жерге бүрк еткізін. Алқымына аш бөрідей қадалыпты. Қас пен көздің арасында «Тарс» еткен мылтық дауысымен есіл ер қалмақтың үстіне еңкейіп құлап бара жатты. Жұрт сілтілді тынды.

— Әй, қызым, сен бәрін көріп біліп отырсың, бізде қарманар қауқар жок. Бір ру ел тығырыққа тіреліп күйіп тұрмыз. Ендігі сөз сенен. Мынау жұртына, шырылдаған сәбиге ара түсе аласың ба? — деді түк шарасы қалмаған көшбасшымыз. Екі жак та үнсіз, іштей арбасып қалған. Қарсы алдыларында қанды ауыз қара мылтық өлім тілеп өнмендеп тұр. Әуелі қатты шошыған бейшара қыз мынандай сөзден кейін өзін тоқтатып бойын тез тіктеді.

— Әй, қалмак! Сен уәде бер! Мені алып қалсаңдар, мына елді аман жібересіндер ме?

— Иә, айтқаным айтқан, аман-сау жібереміз! Қотырқайға бара ма, Аттын тауынан асып кете ме, Іледен ары өте ме, қалаулары білсін?! Жол ашык! — деді.

— Онда мен қалайын. Ал, ағайын-туыстар, қайтейін? Құдай басқа сәлған соң шара жок екен. Көндім. Менін басым құрбандық болсын, ессесіне, сендер аман болыңдар! Қош, сау болыңдар! — деді үлкен үйдегі қыз батыл үнмен.

Дәулетбек БАЙТҰРСЫНҰЛЫ, ақын



AINA

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

www.jasqazaq.kz

ЖАС
ҚААМ

Кез келген халықтың сан мың жыл бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы бар. Халықтың мінезін, болмысын сол дәстүрі арқылы танып-білуге болады. Халық дәстүрінің ұрпақ тәрбиесіндегі маңызы зор. Тек балаға қатысты қаншама әдет-ғұрпымыз бар. Мәселен, шілдехана, бесік той, тұсаукесер, сүндет той.

Дәстүрі - озық, салты - салиқалы

Тұсаукесер — сәби қаз-қаз қадам басқаннан кейін жасалады. «Сәби сүрінбей, тез жүріп кетсін. Өмір жолында аяғын шалар кедергі болмасын» деген арман-тілекпен жасалатын ырым. Ол үшін ала жіп, көк шөп және қойдың токішегін пайдаланған. Сәбидің тұсауын ала жіппен кесудің мәні — біреудің ала жібін аттамасын, адал жолмен нан тапсын деген ырымнан шыққан. Ал көк шөппен кесудегі мақсат — көсетесі көгеріп, көбейе берсін, ұрпағы көк шөптей көп болсын деген ұғым. Төкішекпен кесудің мағынасы — бай болсын, ұрты майға толсын, төкішектей тоқ болсын деген ырым.

Тұсауды кез келген адам кеспейді. Жүріс-тұрысы ширақ, өмірі өнегеге толы адамға кестіреді. Үлкен кісілер шашу шашады. Баланың ата-анасы тұсау кескен адамға сый-сияпат тарту етеді.

Бесік той мен сүндет тойдың да өз мәні бар. Бесік тойдың сәби өмірге келгеннен кейін жасалатын қуаныш екенін көпшілік біледі. Ал сүндет той — ұл баланың өміріндегі ең үлкен парыз той. Ұл бала ат жалын тартып міне бастағанда, баланың әке-шешесі туған-туысты, ел-жұртын шақырып үлкен той жасайтын. Сүндетке отырғызып, мұсылмандық парызын өтейді. Бұл тойдың



пен қоржындағы той шашуынан алып, баланың бөліне басқа мата байлап, қоржынына өз сыйлығын салып жібереді.

Қазақ өмірі — тұнып тұрған салт-дәстүрдің мәйегі. Ұл болсын, қыз болсын, бала өмірге келіп, өз алдына бөлек отау құрғанға дейін жасына қарай түрлі әдеп-ғұрып орындалады. Мұның бәрі халқымыздың бай-қазынасы — салт-дәстүрі.

Лашын МҰХАМИТОВА,
Алматы қалалық №152 орта мектеп
11-сынып оқушысы

БАЛАЛАР
ӘДЕБИЕТІ

ҚОЛЫҢДЫ ЖСУ

Қолға сабын алып,
Мөлдір суға салып.
Жуу керек жиі,
Ақ көбікке малып.

Жасыл, қызыл, ағын,
Қолдана бер бәрін.
Жуынғанда дәйім,
Қолда тұрсын сабын.

Қиын емес дым да,
Тазалық бар мұнда.
Таңда, түсте, кеште,
Қол жуудан тында.

Өнем десең гүлдеп,
Осыны қыл міндет.
Тазалық бар жерге,
Жоламайды індет!

КЛАССИКА

Қандай ғана ер еді,
Ақылды ғой Ақылбек.
Үйден шықпа деп еді,
Отыр міне мақұл деп.

Демде ғана табады,
Интернеттен дерегін.
Онлайн сатып алады,
Сыртқа шықпай керегін.

Заман қандай керемет,
Іздегенің табылар.
Кітап, газет, не керек,
Интернетте бәрі бар.

Серікбол
ХАСАН,
АҚЫН

Ақылбектер біледі,
Карантиннің талабын.
Қолын жуып үнемі,
Оқып отыр сабағын.

ДӘРІ

Балаларды жинап ап,
Бастады ойын Инабат.

Іші «ауырған» Батырды,
Бөлмесіне шақырды.

- Ауыра ма ішіңіз?
Міне, дәрі ішіңіз.

Басы «ауырған» Дана да,
Мәз боп шықты далаға.

Атап тұрып атымды,
Мені де ішке шақырды.

- Белгілі екен хәліңіз,
Міне, дәрі алыңыз!

Дәрісі оның қатты екен,
Дәмі бірақ тәтті екен.

Бізге дәрі дегені,
Кәмпіш екен себебі.

ҚЫНАҚААМ



«Шынайы әлемнің» шабыттты туындысы



Наиля Галлямова, 7 жас —
«Мақтаншақ қыз»



Валерия Харина, 6 жас —
«Қажымұқан»

Қызылжар өңірінің өрендері жазғы демалыста шығармашылық шабытын шыңдап жатыр. Петропавл қаласындағы Оқушылар сарайында жұмыс істейтін «Шынайы әлем» студиясына келетін 4-12 жас аралығындағы өрендер сурет салу және декоративтік — қолданбалы өнердің негізін үйреніп жүр.

Жас Qazaq газетіне балдырғандардың өнерге деген құлшынысы жайында әңгімелеп берген тәжірибелі тәлімгер, қосымша білім беру бойынша жоғары санаттағы педагог Юрий Кузнецов мұнда шәкірттер өздері сүйіп оқитын қазақтың ұлттық ертегілеріндегі кейіпкерлерді сомдайтынын атап өтті. Балалар, міне, бір айдан бері экполастикадан ұлттық нақышпен безендірілген «Дастархан» атты ұжымдық панноны дайындау үстінде. Аталған туындыны жасауға барлық жастағы кішкентай өнерпаздар атсалысып жатыр екен. Панно дайын болған соң Оқушылар сарайында келушілердің назарына ұсынылады.

Балалар шығармашылығын тек жергілікті өнерсүйер қауым ғана бағалап қоймайды. Бұл күндері өрендер Беларусь Республикасының Могилев қаласында өтетін халықаралық «Анимавеска-2020» фестиваліне қатысу үшін дайындыққа кірісіп кетті.


Ғалия КАЛИЕВА




«Дастархан» атты ұжымдық панно



Руяна Жұмашева, 9 жас —
«Қарлығаштың құйрығы неге айыр»



Ирина Хижан, 11 жас — «Ағаш үйіндегі ыр»



Дарья Мельникова, 9 жас — «Гришани-фоль»



Вероника Волонина, 10 жас



Руяна Жұмашева, 9 жас



Александра Скоробитова, 11 жас



Дания Жұмаева, 7 жас



Ирина Галайкова, 7 жас



Дания Даркеева, 12 жас



Ирина Хижан, 11 жас

Бас редактор — директор
Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алқасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия КАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — арнаулы тілші

Әбдіманап КЕНЕС — жастар және ғылым

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — теріміш

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — web-sait

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан
облыстары (8 778 910 45 34)

Кажет АНДАС — Алматы облысы
(8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы
(8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы
(8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың
орынбасары
Мейрамбек
ҚҰЛМҰХАМЕДОВ

Бас есепші
Расима
ӘКІМБЕКОВА

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй, №61 кенсе, 3-қабат
(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)
Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25
Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)

Газет «Дәуір» ЖШС РПИК
(Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй)
тел: (727) 273-12-04, 273-12-54
Тапсырыс — №2213;
Бағасы келісім бойынша

Апталық таралым — 5000 дана

Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады,
сондай-ақ «Air-Astana» әуежолының ұшақтарында бар.

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.
2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі
Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.